СЕЙСЕНБІ
№116 (4364)
17.10.2023

AIQYN

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

КӨҢІЛ АЙТУ ЖЕДЕЛХАТЫН ЖОЛДАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев көрнекті ақын, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Несіпбек Айтұлының дүниеден өтуіне байланысты отбасы мен жақын туыстарына көңіл айтты.

«Несіпбек Айтұлы ұлттық өнеріміз бен мәдениетімізді өркендетуге сүбелі үлес қосып, руханият саласының алға басуына күш-қайрат жұмсады. Қазақстан тәуелсіздігінің жыршысына айналған ақынның тартымды туындылары оқырмандар тарапынан жоғары бағасын алды. Өнегелі ғұмыр кешіп, соңына мол әдеби-мәдени мұра қалдырған Несіпбек Айтұлының жарқын бейнесі ұмытылмайды. Марқұмның иманы саламат, жаны жәннатта болсын», – деп жазылған жеделхатта.

БАСПАНА НАРЫҒЫ, БОЛА МА ЖАРЫҒЫ?

Жылжымайтын мүлік нарығында тұрғын үйдің жетіспеушілігі бағаның жиі қымбаттауы мен бір деңгейде тұрақтап қалуының басты аргументі екенін жиі естиміз. Мәселен, 2022 жылы тұрғын үй қорының тапшылығы 114 млн шаршы метрге жеткен. Ал жеке және мемлекеттік емес заңды тұлғаларға тиесілі жылжымайтын мүлік көлем – 397 млн шаршы метр. Осыған дейін сарапшылар ипотека нарығында мемлекеттің үлесі шамадан тыс жоғары болғандықтан, екінші деңгейлі банктер өз әлеуетін толыққанды пайдалана алмай отырғанын алға тартатын. Бірақ биылдан бастап мемлекеттік бағдарламаға лимит бекітілгені азаматтардың наразылығын туғызды. Өйткені айлар бойы онлайн кезекте тұрғанымен, белгіленген күні сайттар санаулы секундта жұмысын тоқтатады.

Мемлекеттік «7-20-25» ипотекалық бағдарламасы 2018 жылы әлеуметтік осал топтарға жатпайтын, бірақ баспанаға мұқтаж жандарға арнап іске қосылған еді. Оның шарттарына сәйкес, жұмыс істейтін, басында баспанасы жоқ кез келген азамат 20 пайыздық бастапқы жарнаны төлеу арқылы 7 пайыз жылдық мөлшерлемемен 25 жылға дейінгі ипотека рәсімдей алатын. Бірақ тек жаңадан пайдалануға берілген үйді тікелей құрылыс компаниясынан сатып алуыңыз қажет. Бағдарлама іске қосылғаннан бастап 2022 жылдың желтоқсанына дейін 852,2 миллиард теңгеге жалпы саны 64 146 жеңілдетілген қарыз берілген.

(Жалғасы 4-бетте)

КӨК ТҮТІН МЕН ҚОҚЫСТАН АРЫЛМАҒАН

Қарағанды облысы қысы-жазы көк түтінмен, жыл он екі ай заңсыз тасталған қоқыспен күресіп келе жатыр. «АрселорМиттал» кәсіпорны 2024 жылға қарай эмиссияларды 30%-ға, яғни 65 мың тоннаға төмендету жөніндегі жасалған меморандум шеңберінде өзіне алған міндеттемелерін орындамай отыр. Ал Балқаш мыс балқыту зауыты жабдықтарының технологиялық тозуынан қаладағы ауа ластануда. Сонымен қатар биылғы алғашқы алты айда ғарыштық мониторинг қорытындысы бойынша облыс аумағында 739 заңсыз қоқыс орны анықталған.

– Қарағанды облысы – қоршаған ортаға кері әсер ететін «Қазақмыс» корпорациясы, «АрселорМиттал Теміртау» өндірістік объектілері және басқа да ірі кәсіпорындар шоғырланған өнеркәсіптік өңір. 2023 жылдың алғашқы жылында облыс бойынша шығарындылар көлемі 243,1 мың тоннаны құрады. Оның ішінде Қарағанды қаласы – 17,2 мың тонна, Теміртау қаласы – 112,8 мың тонна және Балқаш қаласы бойынша – 36,1 мың тонна, – деді Қарағанды облысы бойынша Экология департаментінің басшысы Дархан Исжанов.

Теміртаудың атмосфералық ауасын негізгі ластаушы – «АрселорМиттал Теміртау» АҚ.

– Бұл ретте, «АрселорМиттал» кәсіпорны 2024 жылға қарай эмиссияларды 30%-ға, яғни 65 мың тоннаға төмендету жөніндегі жасалған меморандум шеңберінде өзіне алған міндеттемелерін орындамай отыр. 2019-2023 жылдарға 23 шара белгіленсе, оның жетеуі ғана жүзеге асқан, – дейді департамент басшысы.

Кәсіпорында экологиялық проблемадан басқа, өрескел заңбұзушылық тіркелген. Мысалы, Теміртау қаласының аумағында 800 тонна көлемінде кокс-химия өндірісінде қауіпті қалдықтарды заңсыз сақтау фактісі анықталған. Теміртау қаласының Полиция басқармасы қылмыстық істі жүргізіп жатқанына 1 жылдан астам уақыт өтсе де компания жауапкершіліктен толық бас тартып отыр.

7 ▸▸

111 БАЙЛАНЫС ОРТАЛЫҒЫ МИНИСТРЛІККЕ БЕРІЛДІ

Бүгіннен бастап «AMANAT»-тың отбасы, әйелдер және балалардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша «111 байланыс орталығы» партиядан Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігіне берілді. Тиісті меморандумға Бала құқықтары жөніндегі уәкіл Динара Зәкиева, «AMANAT» партиясының Атқарушы хатшысы Дәулет Кәрібек және Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Бағдат Мусин қол қойды.

3 ▸▸

ҚОҒАМДЫҚ БАҚЫЛАУДЫҢ ЖАҢА ТЕТІГІ

Тура екі апта бұрын, 2 қазанда ел Президенті «Қоғамдық бақылау туралы» және оған ілеспе заңдарға қол қойды. Ертесіне, 3 қазанда актілер баспасөзде ресми жарияланды. Алайда ел тарихында алғаш рет қабылданған, халықтың петиция беруін заңдастыратын заңдар сол бойы күшіне енбеді. Неге?

Атап өтер жайт, Президенттің Жолдауына сәйкес әзірленген «Қоғамдық бақылау туралы» заңында петиция деген бір сөз таба алмайсыз. Бірақ Сенаттың Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің мүшесі Руслан Рүстемовтің түсіндіруінше, бұл заң соған қажетті ұстындарды, қоғамдық бақылаудың негіздерін түзеді, мемлекеттік органдардың ашықтық дәрежесін кеңейтіп, азаматтардың қоғамдық белсенділігін арттыруға ықпал етеді.

Ал петицияға ілеспе заң – «Кейбір заңнамалық актілерге қоғамдық бақылау, әкімшілік рәсімдерді жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңы арналып отыр. Оған да Мемлекет басшысы 2023 жылғы 2 қазанда қол қойды.

(Жалғасы 4-бетте)

ЕЛ ҮШІН ЕТКЕН ЕҢБЕК ЕЛЕУСІЗ ҚАЛМАЙДЫ

7 БЕТ

ТАЛДЫДА ТАЛАЙ ТАРИХ БАР

8 БЕТ

ЖӘНІБЕКТІҢ ЖАРҚЫН ЖЕҢІСІ

Қазақстандық кәсіпқой боксшы Жәнібек Әлімханұлы әлем чемпионы атанды. Ол (15-0, 10 КО) АҚШ-тың Техас штаты Розенберг қаласында өткен бокс кешінде германиялық былғары қолғап шебері Винченцо Гуальтьериді жеңіп, WBO және IBF санаты бойынша орта салмақта екі белбеу иеленді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев спортшыны жарқын жеңісімен құттықтады.

«Жәнібек Әлімханұлын WBO және IBF тұжырымдарынан әлем чемпионы атағы үшін өткен жекпе-жектегі жарқын жеңісімен құттықтаймын. Жәнібек қазақ бокс мектебінің жоғары деңгейі мен мықтылығын әлемге тағы да паш етті. Бұл жеңіс бокспен айналысатын жастарды биік белестерді бағындыруға ынталандырады. Сізге зор денсаулық, бақ-береке тілеймін. Жеңістен жеңіске жете беріңіз!», – деді Президент.

8 ▸▸

ОТЫРЫСТЫҢ КҮН ТӘРТІБІН БЕКІТТІ

Сенат Спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен палата бюросының отырысы өтті. Онда депутаттар 19 қазан күні болатын Сенат отырысының күн тәртібін бекітті.

Сенаттың алдағы отырысында депутаттар «Еуразиялық қайта сақтандыру компаниясын құру туралы келісімді ратификациялау туралы» заңды қарайды. Бұл заңға Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер қол қойған және ол экономикалық өсуге, өзара және сыртқы сауда-экономикалық байланыстарды кеңейтуге ықпал етуге арналған.

Келісімді қабылдау ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің қаржы ұйымдарына өзара халықаралық сауда және инвестициялық қызметті қолдауға, сондай-ақ бірлескен бизнес-жобалардың үшінші елдердің нарықтарына шығуына белсенді қатысуға мүмкіндік береді.

70 МЫҢ ЖҮРГІЗУШІГЕ АҚШАСЫ ҚАЙТАРЫЛАДЫ

Қарағанды көлік прокуратурасы ақылы автомобиль жолдарымен жүру негіздері туралы жария шартта автокөлік жүргізушілерінің құқығына қайшы келетін талапты анықтады.

Атап айтқанда, жедел жол қызметтерін тұтынушылар көліктің мемлекеттік тіркеу нөмірін ауыстырған жағдайда пайдаланылмаған төлемдерді қайтара алатын тармақ болмаған. Бүгінде тиісті түзетулер енгізіліп, ол туралы ақпарат «Қазавтожол» АҚ-ның ресми сайттарында орналастырылды.

Жалпы, прокуратураның талдауы Қарағанды облысы бойынша 69 мың автокөлік жүргізушісіне 38 млн теңгеден астам сомаға аванстық төлемдер қайтарылмағанын көрсетті. Прокуратураның араласуынан кейін ғана тұтынушылардың мүліктік құқықтарын қалпына келтіру жұмыстары басталды.

Сондай-ақ ұлттық оператордың мүдделерін қорғау өте әлсіз жүргізілгені анықталды. Себебі осы қызметтерді алған 138 мың тұтынушының 3 жыл ішінде 50 млн теңге берешегі жинақталғаны белгілі болды.

Көбіне мұндай адамдарға қатысты материалдар ақылы автомобиль жолдарымен жүргені үшін уақытылы төленбеу белгілері бойынша оларды әкімшілік жауапкершілікке тарту мақсатында көліктік бақылау инспекциясына жолданбаған.

Прокуратураның актісі бойынша «Қазавтожол» АҚ филиалының басшылары жол ақысын төлемеген автокөлік жүргізушілеріне қатысты әкімшілік ықпал ету шараларынан алшақтатқаны үшін тәртіптік жауаптылыққа тартылды.

Аталған жұмыс еліміздің барлық өңірінде жүргізілетін болады.

БОРАНБАЕВ ҚОНАҚҮЙІН МЕМЛЕКЕТКЕ ҚАЙТАРДЫ

Қаржы мониторингі агенттігі Қайрат Боранбаевтың мүлкін мемлекетке қайтару шараларын қабылдап жатыр.

«Қ.Боранбаевтың компаниялары Мемлекеттік мүлік комитетіне жалпы құны 1,4 млрд теңгеден асатын Comfort Hotel Astana қонақүй кешенін мемлекет меншігіне өз еркімен беру үшін тиісті өтінімдер берді.

Аумағы 5 мың шаршы метрден асатын бұл қонақүй кешенінің жылдық айналымы 900 млн теңгеге жуық», – делінген агенттік хабарламасында.

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес, бұл нысанды демалыс, сауықтыру және білім беру орталықтарын ұйымдастырумен әлеуметтік мақсатта пайдалану жоспарлануда.

Активтерді қайтару бойынша белсенді жұмыстар жалғасып жатыр.

МӘЖІЛІСТЕ ПАРЛАМЕНТТІК ТЫҢДАУ ӨТЕДІ

20 қазанда Мәжілісте парламенттік тыңдау өтеді. Тақырыбы – «Халықтың шамадан тыс кредит алуын азайту және қаржылық сауаттылықты арттыру туралы».

Парламенттік тыңдауға Мәжіліс пен Сенат депутаттары, орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың, Ұлттық банктің басшылары, қоғамдық ұйымдар мен БАҚ өкілдері қатысады.

Жиында халықтың кредит алуын төмендету және қаржылық сауаттылығын арттыру, лудомания мен киберқылмыстың, соның ішінде интернет алаяқтықтың әсерінен азаматтардың кредит алуы, сондай-ақ қаржы ұйымдарының пайдасына қарыздарды өндіріп алу бойынша жеке сот орындаушыларының жұмыс тәжірибесі туралы қабылданатын шараларды талқылау жоспарлануда.

Іс-шарада Премьер-Министрдің орынбасары – Қаржы министрі Ерұлан Жамаубаев, Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің төрайымы Мәдина Әбілқасымова, Ішкі істер министрінің орынбасары Игорь Лепеха баяндама жасайды. Парламенттік тыңдаудың қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсынымдар әзірленетін болады. Парламенттік тыңдауды Мәжілістің Қаржы және бюджет комитеті ұйымдастырады. Отырыс Мәжілістің жалпы отырыс залында сағат 10:00-де басталады. Мәжілістің сайтында және әлеуметтік желілердегі аккаунттарында онлайн көрсетіледі.

БЕЙБІТШІЛІК ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК МӘСЕЛЕЛЕРІН ТАЛҚЫЛАДЫ

Алматыда Орталық Азия елдері әйелдерінің диалог алаңында «Әйелдер, бейбітшілік және қауіпсіздік» тақырыбында халықаралық конференция өтті. Іс-шара Біріккен Ұлттар Ұйымы мен Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның қолдауымен ұйымдастырылды.

Қазақстан 2023 жылы Орталық Азия елдері әйелдерінің диалогіне төрағалықты қабылдады. Бұл – өңірдің әйел парламентшілері арасындағы ынтымақтастықты дамыту мен нығайтудың өзекті мәселелерін талқылауға арналған халықаралық платформа.

Конференция аясында Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Түрікменстан Парламенттерінің депутаттары, қатысушы елдердің мемлекеттік органдарының басшылары, Қазақстан Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның, халықаралық ұйымдардың, дипломатиялық корпустың өкілдері және қоғам қайраткерлері кездесті.

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі Төрағасының орынбасары Дания Еспаева бүгінде әлемнің әртүрлі өңіріндегі қақтығыстардың өршуі мен тұрақсыздықтың артуы әйелдердің рөлі мен жағдайын қиындатқанын атап өтті.

– Таяу Шығыстағы шиеленіскен жағдайда мұның маңызы ерекше. Соның әсерінен әйелдер де, балалар да қоғамдағы ең осал топ ретінде құрбан болуда. Ал бүгін біз талқылап отырған күн тәртібін қарулы қақтығыстар мен гуманитарлық апаттар кезіндегі әйелдердің қауіпсіздігіне қатысты мәселелерді егжей-тегжейлі шешу қажеттілігі призмасы арқылы қарау керек, – деді Мәжілістің вице-спикері.

Сонымен қатар Дания Еспаева әйелдер мен қыздарға қатысты гендерлік зорлық-зомбылыққа байланысты мәселелерге назар аударды. Қазақстан оған қарсы өңір елдерінің күш-жігерін біріктіруге шақырады. Осы бағыттағы тиімді қадамдардың бірі – Еуропалық одақ пен БҰҰ-ның Орталық Азия мен Ауғанстан елдері үшін әйелдер мен қыздарға қатысты гендерлік зорлық-зомбылықтың барлық нысанын жою жөніндегі аймақтық бастамасын іске қосу болды. (SpotLight, Жарық сәулесі). Жоба Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың тарапынан қолдау тапты.

Бұдан әрі Мәжілістің вице-спикері Қазақстанда 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы іске асырылып жатқанын, онда «Әйелдер, бейбітшілік және қауіпсіздік» күн тәртібін іске асыруға бағытталған бөлім бар екенін, сондай-ақ БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесі қарарларын іске асыру жөніндегі ұлттық іс-әрекет жоспары қабылданғанын айтты. Ол Қазақстан БҰҰ-ның бітімгершілік даярлық орталығы (Қазцент) базасында сертификатталған курстар аясында әскери кеңесші-әйелдерді даярлау бойынша белсенді жұмыс жүргізіп жатқанына тоқталды. Бұл ретте әйел әскери қызметшілер Қазақстан Қарулы Күштерінің барлық жеке құрамының 13,7%-құрайды, олардың 10-ы басшылық лауазымдарды атқарады.

Вице-спикер қазақстандық әйел дипломаттардың қарусыздану, таратпау және халықаралық қауіпсіздік мәселелері бойынша халықаралық келіссөздер мен консультациялардағы рөлі туралы айтып берді.

Конференцияға қатысушылар сессиялар аясында тақырыптық талқылауды жалғастырды. Олар Орталық Азиядағы қауіпсіздік саласындағы жаңа сын-тегеуріндерді және өңірдегі «Әйелдер, бейбітшілік және қауіпсіздік» күн тәртібін ілгерілету мүмкіндіктерін қозғады.

Сондай-ақ аланда қатысушы елдердің белсенді әйелдері халықаралық ұйымдардың өкілдерімен диалог жүргізді. Талқылауға БҰҰ-әйелдер құрылымы Өңірлік кеңсесінің кеңесшісі Наргис Азизова, БҰҰ Бас хатшысының арнайы өкілі, БҰҰ Орталық Азия үшін алдын алу дипломатиясы жөніндегі өңірлік орталығының басшысы Каха Имнадзе, БҰҰ-ның босқындар ісі жөніндегі Жоғарғы комиссарының Орталық Азиядағы өкілі Ганс Фридрих Шоддер және Қазақстандағы үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері қатысты.

Конференция соңында қатысушылар өңірде БҰҰ Қауіпсіздік кеңесінің «Әйелдер, бейбітшілік және қауіпсіздік» қарарын іске асыру бойынша жұмысты күшейту үшін жағдай жасау жөніндегі міндеттемелері бар қорытынды құжат қабылдады.

111 БАЙЛАНЫС ОРТАЛЫҒЫ МИНИСТРЛІККЕ БЕРІЛДІ

Бүгіннен бастап «AMANAT»-тың отбасы, әйелдер және балалардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша «111 байланыс орталығы» партиядан Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігіне берілді. Тиісті меморандумға Бала құқықтары жөніндегі уәкіл Динара Зәкиева, «AMANAT» партиясының Атқарушы хатшысы Дәулет Кәрібек және Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Бағдат Мусин қол қойды.

Дәулет Кәрібек атап өткендей, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында бірыңғай сенім телефонын ұйымдастыру және зорлық-зомбылыққа, қысымға, яғни буллингке тап болғандарға көмек көрсетуге арналған бағдарлама әзірлеу міндетін қойды.

Бұл ретте, 2020 жылдың қыркүйегінен бері аясында «AMANAT» партиясы жанындағы «Бақытты отбасы» жобасы аясында балалардың құқықтары бұзылған және отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылық жағдайлары бойынша «111 шұғыл қызмет» желісі жұмыс істеп келді. Президент тапсырмасын орындау мақсатында бүгіннен бастап қазақстандықтар тәулік бойы тегін жұмыс істейтін «AMANAT»-тың отбасы, әйелдер және балалардың құқықтарын қорғау мәселелері жөніндегі 111 байланыс орталығы» ұлттық желісіне жүгіне алады.

«Үш жылда шұғыл қызмет мамандары 50 мыңға жуық отбасына көмек көрсетті. Орталыққа шалынатын әр қоңыраудың артында әрбір адамның тағдыры мен аманаты жатыр. Бұл жерде секундтардың өзі қымбат. Көмекке зәру әр адам бізге өз өмірін аманаттап отыр. Ана мен балаға лайықты қамқорлық көрсету – саяси тұғырнамамыздағы негізгі басымдықтың бірі. Бұл меморандум балалардың құқығын қорғау жұмысын жүйелеп, күшейтіп қана қоймай, оны мемлекеттік деңгейге көтереді», – деді Дәулет Кәрібек.

Сондай-ақ құжат «AMANAT»-тың 111 байланыс орталығы» қызметін Бала құқықтары жөніндегі уәкіл жетекшілігімен жүзеге асыруды көздейді.

«Күн сайын елімізде балаларға қатысты 6 қылмыс жасалады, 342 адам тұрмыстық зорлық-зомбылықтан зардап шегеді. Балалар мен жасөспірімдер арасында әлімжеттік мәселесі де өте өткір болып отыр. Оны шешу үшін жан-жақты тәсіл қажет. Уақытылы көрсетілген көмек қайғылы оқиға салдарының 70%-ының алдын алады. Қазір орталықтағы операторлар саны 37 адамға дейін артуда. Алдағы жылы 57 адамға жеткізу жоспарланып отыр. Бұл қадам бір мезгілде бірнеше өтінішті қатар қамтуға мүмкіндік береді», – деді Динара Зәкиева.

Өз кезегінде, Бағдат Мусин ведомство байланыс орталығының тиімділігін арттыру үшін техникалық базасын нығайтатынын атап өтті.

«111 шұғыл қызметі бұған дейін де жұмыс істеп келгеніне және «AMANAT» партиясы өз әдіснамасы негізінде азаматтарға көмек көрсеткеніне назар аудару қажет. Партияның бастамасы Үкіметтің бастамасына айналды. Енді қолда бар әзірлемелерді пайдалана отырып, байланыс орталығы «Азаматтарға арналған үкімет» МК» КЕАҚ базасында жұмыс істейтін болады», – деді министр.

111 бірыңғай сенім телефоны мемлекеттік шұғыл қызметтер тізбесіне 101, 102, 103 және т.б. нөмірлермен тең дәрежеде енгізіледі. Шұғыл қызмет тәулік бойы жұмыс істеп, барлық өтініш құпияда сақталады. Айта кетейік, үш жылда азаматтар байланыс орталығына 50 мыңға жуық қоңырау шалды. Өтініш берушілердің 82,6%-ы – әйелдер, 17,4%-ы – ер адамдар. Оның 68%-ы бойынша нақты көмек көрсетілді, ал 32%-на анықтама сипатындағы түсініктеме берілді. Қоңырау шалған азаматтарды толғандырған мәселелердің 43,4%-ы – атаулы әлеуметтік көмек алуға, 7%-ы – психологиялық және заңгерлік көмек көрсетуге, 3,6%-ы – білім беру, күтім көрсету және қамқоршылық мәселелеріне қатысты болды.

«КІТАП-AMANAT» ЖОБАСЫ:
100-ге ЖУЫҚ ОҚЫРМАН ТЕГІН КІТАП АЛДЫ

Алматы қаласында Республика күніне орай «Көк тудың желбірегені» өлеңінің авторы, ақын Алмас Ахметбекұлының оқырмандармен кездесуі өтті. Аталмыш шара «AMANAT» партиясы Алматы қалалық филиалының мұрындық болуымен «Кітап-AMANAT» жобасы аясында ұйымдастырылды. Жобаның негізгі көздеген мақсаты – оқырмандарды қолжетімді бағадағы тиісті кітап қорымен қамтамасыз ету арқылы қазіргі заман авторларына қолдау білдіру, отандық әдебиетті дамыту. Кездесуге белгілі қазақстандық авторлар мен баспагерлер, қалалық мәслихат депутаттары, партия мүшелері мен студенттер қатысты.

Іс-шара барысында оқырмандар ақынмен еркін сұхбат құрып, өздерін толғандырған сауалдарға жауап алды. Сондай-ақ ақынның жаңа кітаптарының тұсаукесер сәтіне куә болды. Ерекше атап өтерлік жайт, кездесуге келген 100-ге жуық студент демеушілердің қолдауымен «Кітап-AMANAT» дүкенінен сыйлыққа қалаған кітабын таңдап алды. Солардың бірі алматылық студент – Медет-Ізет Құсанқызы. Ол осындай рухани шаралардың елімізде көптеп қолға алынуы – кітап оқитын ұрпақ қалыптастыруда ықпалы зор екенін айтады.

– Бүгінгі шарадан өзіме қатты ұнағаны – кездесуден кейін демеушілер кітап орталығының атынан өзімізге ұнайтын кітаптарды сыйға тартты. Бұл бүгінгінің жастарына кітап оқытудың бір мотивациясы ретінде тиімді деп ойлаймын, – дейді алматылық студент М.Құсанқызы.

Қазір дүкенде 20 баспа үйінен 2 мыңға жуық кітап ұсынылған. Дүкенде кітап қорымен қоса, оқу залы мен bookcrossing, яғни кітап алмасу мүмкіндігі қарастырылған. Ұйымдастырушылар мұның барлығы оқырманның игілігі үшін жүзеге асып отырғанын алға тартты. Ал шараның басты қонағы, ақын Алмас Ахметбекұлы жоба аясында тиісті міндеттер мен сауатты ұрпақ қалыптастыруда маңызды шаруалардың атқарылуға тиіс екенін атап өтті.

– «Кітап-AMANAT» – ұлттық рухани өсуге, сауығуға қарай бет алған үлкен жоба. Сондықтан заманға сай өтімді, жастарға тәрбие беретін, олардың зияткерлік деңгейін көтеретін кітаптарды жинап жатырмыз. Кітапты және кітап оқитын халықты көбейтіп, оқырманың білімге деген ынтасын арттырып, халықтың рухани қуатын жетілдіру үшін қызмет етуге күш салудамыз, – дейді ол.

Оңтүстік шаһарда бастау алған шара негізінде ақын-жазушылар мен ғалымдар өз еңбектерін «Кітап-AMANAT» дүкеніне қойып, насихаттау мүмкіндігіне ие болмақ. «Кітап-AMANAT» жобасы аясында жыл соңына дейін тағы 10 кітап дүкенін ашу жоспарланып отыр.

Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

БІЛІМ МЕН БІЛІК – БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҚ

Мемлекет басшысының «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» Жолдауын іске асыру аясында білім беру және мектеп оқулықтарының сапасын жақсарту, мұғалімдердің біліктілігін арттыру мәселелері «AMANAT» партиясы жанындағы Білім беру мен денсаулық сақтау мәселелері жөніндегі республикалық кеңестің кезекті отырысында талқыланды.

Бүгінде елімізде 7 826 орта білім беру ұйымы бар. Мектептердің 67%-ы ауылды аймақтарда орналасса, олардағы оқушы саны 1 554 575 (41%) құрайды. Ал қалада жалпы мектептердің 33%-ы орналасқан, контингенті – 2 261 575 (59%). Оқу-ағарту бірінші вице-министрі Наталья Жұмаділдаева келтірген мәліметтерге сүйенсек, еліміздегі барлық мектеп критериалды бағалауды қолдана отырып, жаңартылған білім беру мазмұны бойынша жұмыс істейді.

Білікті мамандарсыз білім сапасын арттыру мүмкін емес екені айтпаса да түсінікті. Бұл ретте, вице-министр жалпы ел педагогтерінің 77%-ы – жоғары білімді, 9%-ы – техникалық және кәсіптік, 6%-ның ЖОО-нан кейінгі білімі бар мамандар екенін айтты.

Ал Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің төрағасы Ернұр Дәуенов білім сапасын бағалау мен бақылаудың негізгі тетіктеріне тоқталды. Қазір еліміздің білім жүйесінде екі сыртқы бағалау құралы бар. Біріншісі, сыртқы бағалаудың ұлттық құралы – білім алушылардың білім жетістіктерінің мониторингі (МОДО).

«2023 жылы МОДО-ға еліміздің 1471 мектебінен, 50 мыңнан астам 4 және 9 сыныптың оқушылары қатысты. Сонымен қатар Астана қаласының барлық мектебі қамтылды. МОДО–2023 қорытындысы өткен жылмен салыстырғанда нәтижелердің төмендегенін көрсетті. Атап айтқанда, осы жылы 4-сынып бойынша жалпы орташа балл 30-дан 16,87 балды (2022 жылы – 20,9 балл), 9-сынып бойынша 75-тен 36,80 балды құрады (2022 жылы – 47,3 балл)», – деді ол.

Екінші бағалау құралы халықаралық салыстырмалы зерттеулерге келсек, соңғы 9 жылдағы еліміздің PISA-ға қатысу нәтижелері бойынша елеулі өзгерістер байқалмайды. 2009 және 2018 жылғы қатысу қорытындылары жаратылыстану және оқу сауаттылығы бойынша 3 балл төмендеу байқалса, математика бойынша керісінше 18 балға жоғарылаған. Сонымен қатар Қазақстанда білім сапасының жоғары өңіраралық дифференциациясы сақталып отыр. Іс жүзінде барлық оңтүстік және батыс аймақтарда орташа республикалық деңгейден төмен нәтиже тіркелді. Өңіраралық салыстыруда ең жоғары нәтижені Солтүстік Қазақстан облысы көрсетіп отыр.

«Оқу сауаттылығы бойынша Солтүстік Қазақстан облысының жоғары нәтижелері PIRLS зерттеуінде де байқалады. Бұл зерттеу оқушылардың оқу жетістіктерінің тенденцияларын өлшеуге және Ұлттық білім беру жүйелеріндегі айырмашылықтарды анықтауға мүмкіндік береді. Зерттеу қорытындысы бойынша қазақстандық оқушылардың орташа нәтижесі 504 баллды құрады, бұл PIRLS шкаласының халықаралық орташа мәнінен (500 балл) жоғары», – деді Е.Дәуенов.

Комитет төрағасы қазір министрлік халықаралық тәжірибеге сүйеніп, барлық бағалау және мониторингтік рәсімді бір жүйеге келтіру мақсатында Орта білім беруді бағалаудың ұлттық шеңберін әзірлеп жатқанына сендірді.

Алайда кеңес мүшелері МОДО, PISA зерттеу нәтижелері мен мектептердің білім беру сапасындағы айырмашылық жер мен көктей екенін айтты. Республикалық QAZBILIM орталығының директоры Аятжан Ахметжанұлы білім басқармаларын мектептерде өтірік сапа жасауға итермелейтін «социалистік жарысты» тоқтату керек деп есептейді. Сондай-ақ ол МОДО мен PISA-ға байланысты тілдік мәселені көтерді.

«Сұрақтарының басым бөлігі, тіпті 100% өзге тілде дайындалады. Сосын қазақ тіліне аударылады. Екеуінің де қазақшасы түсінетіндей деңгейде емес. Осыдан келіп, қазақ мектептеріндегі білім сапасыз деген түсінік қалыптасады. Бірақ қазақ және орыс мектептерінің ҰБТ нәтижелеріне қарасақ, жағдай керісінше. Сондықтан тіл мәселесінде нақты тілдік қолданысты, тілдік сауаттылықты дұрыс қолданып, сапалы аударма мәселесін қарастыру керек деп ойлаймын. Мұнда диалектік, Google және Яндекс аударманы қолдануға болмайды», – деді ол.

Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім беру академиясының вице-президенті Руслан Қаратабанов орта білім беру мазмұнын жетілдіру бойынша атқарылып жатқан жұмысқа тоқталды. Оның айтуынша, Президенттің тапсырмаларын ескере отырып, академия жаңғыртудың түйінді бағыттарын шешу үшін оқу бағдарламаларында бірқатар өзгеріс жасауды көздеп отыр. Атап айтқанда, білім алушыға түсетін оқу жүктемесін азайту жоспарлануда, яғни пәндер саны біршама азаяды.

«Қазіргі заманның ең басты талаптарының бірі – әр пәннің білімін біріктіре отырып, баланың бойында біртұтас дүние қалыптастыру. Бұл тұрғыда STEM білім беру тәсілдері, тәрбиелік компонент және т.б. негізінде жаратылыстану-математикалық пәндерді оқытуды күшейтеміз. Сонымен қатар жаһандану заманында ұлттық ерекшеліктерге баса мән беруіміз керек. Сондықтан жаңа стандартта құндылықтар тізімі біршама өзгеріп, пәндік мазмұнында ұлттық құндылықтарға, тәрбиелік компонентке назар аударылады. Оқу материалын қайталауға және бекітуге арналған қосымша сағаттар көзделді. Өйткені қазіргі бағдарламаларда оқу мақсаттары шамадан тыс көп», – деді Р.Қаратабанов.

Жиынның күн тәртібіне қойылған тағы бір мәселе – мектеп оқулықтарының сапасын арттыруға қатысты іс-шаралар туралы Республикалық ғылыми-практикалық білім мазмұнын сараптау орталығының директоры Нәзира Әбдірахманова баяндады. Оның айтуынша, 2022 жылғы мемлекеттік сараптама қорытындысы бойынша, бағалау және іріктеуге түскен оқулықтардың шамамен 43%-ы мақұлданбаса, оқулық мазмұнның 23%-ы алғашқы сараптамадан кейін қайта түзетуге жіберілген.

«Енді оқулық авторлары баспалар есебінен оқулық жазар алдында міндетті түрде оқулықтың теориясы мен оқу әдебиеттерін бағалау критерийлері бойынша арнайы оқыту курсынан өтуі керек. Екі жыл ішінде 2000-нан астам оқулық авторы осындай курстан өтті. Оқулық сарапшылары мүдделер қақтығысын болдырмау мақсатында құпия режимде жұмыс істейді», – деді Орталық директоры.

Сондай-ақ Нәзира Әбдірахманова оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді баспалар есебінен ауыстыруды көздейтін құқықтық норма енгізілгенін алға тартты. Яғни, оқулық шығарылған алғашқы жылда қандай да бір полиграфиялық ақау, қате анықталған жағдайда жаппай тиражды баспа есебінен ауыстыру талабы қойылып отыр.

Орталық директоры бүгінге дейін өз қателігі үшін үш баспа оқулықты қайта басқанын жеткізді. Атап айтқанда, «Алматыкітап», ExpressPublishing, «Атамұра» баспалары жіберілген қателерді түзеп, толықтай өз есебінен қайта басып, білім беру ұйымдарына ұсынған.

Қоғамда оқулықтың сапасына қатысты айтылатын сын-пікірлер аз емес. Грамматика, деректерге қатысты, аудармадағы қателер туралы әлеуметтік желілерде де жиі айтылады. Дегенмен бұл мәселеге қатысты Н.Әбдірахманова қоғамда айтылған ескертулердің басым көпшілігі, яғни 75%-ы расталмады дегенді алға тартты. Ал расталған сын-пікір ретінде ол «Алматыкітап» баспасынан шыққан 4-сыныпқа арналған Орыс тілі оқулығында Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Туының авторы, суретші Шәкен Ниязбековтың тегі Ниязбаев деп көрсетілгенін атады. Бұл қате оқулықтың электронды нұсқасында түзетілген және баспа 50 мың дана оқулықты қайта шығарған.

«Сондай-ақ «Атамұра» баспасынан 2017 жылы шыққан Дүниетану оқулығында «Президентті сайлау – Қазақстан азаматының міндеті» деп көрсетілген, алайда ол құқығымыз болып саналады. Оқулық 2023 жылы қайта шығарылды», – деді ол.

«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығының төрағасы Еламан Айболдинов педагогтердің біліктілігін арттыру бағытындағы жұмыстарға тоқталды.

2023 жылға «Өрлеу» БАҰО» АҚ 101 842 педагогтің біліктілігін арттыруды жоспарлаған, бүгінде бұл жұмыс аяқталуға жақын. Оның ішінде 12 мыңға жуық – мектепке дейінгі, 90 мыңға жуық орта білім беру ұйымының педагогтері мен қызметкерлерінің біліктілігін арттыру көзделген. Мұнымен қоса, 2 165 кітапханашы медиа-ақпараттық сауаттылық бойынша кәсіби құзыреттерін жетілдіруде.

Осы орайда, Кеңес мүшелері біліктілікті арттыру курсына қатысқан педагогтердің барлығына бірдей тест тапсырса болды сертификат беруге асықпай, алдымен сапаны талап ету қажет деп есептейді. Бұл мәселеге қатысты Аятжан Ахметжанұлы: «Курстан өтіп, «Өрлеудің» тестін тапсырған маман неге белгілі бір қадағалаудан өтпейді? Мұғалімдеріміздің деңгейі сондай жоғары болса, неге білім сапасы көтерілмейді? Мектептегі білім сапасы жоғары болса, ата-аналар ҰБТ, Зияткерлік мектептерге тапсыру үшін баланы неге курсқа береді? Мұғалім біліктілік курсын бір рет мемлекеттің көмегімен тегін оқыды, бірақ дәрежесін көрсете алмаса, онда сертификат берілмесін. Екінші мәрте ол ақылы түрде өз қалтасынан ақша төлеп өтсін. Сонда ғана жауапкершілік болады», – деді.

Өз кезегінде, Мәжіліс депутаты, Білім беру мен денсаулық сақтау мәселелері жөніндегі республикалық кеңес төрағасы Жұлдыз Сүлейменова кітапқа құштар балалардың саны күн санап азайып бара жатқанына алаңдаушылық білдірді.

«Соңғы зерттеулер қазір «Мен кітап оқуды өте жақсы көремін» дейтін қазақстандық оқушылардың үлесі 53%-ды құрайтынын көрсетті. Ал 2016 жылы бұл көрсеткіш 71% еді. Яғни, 18%-ға төмен. Біз барлық кітапханашыны педагог деңгейіне жеткізу үшін педагог-кітапханашы мамандығын енгізгіміз келеді. Кітапхана тек оқуылық беретін емес, оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыратын орталық болуы керек деп есептейміз. Бұл мәселеге қатысты сіздің ұстанамыңыз қандай?» – деді ол Оқу-ағарту бірінші вице-министрі Н.Жұмаділдаеваға қарата.

Вице-министр аталған норманы қолдайтынын жеткізді. «Егер Қаржы министрлігі барлық есеп-қисабын жүргізіп, жоғары оқу орындары осы бағытта мамандар даярлауға әзір болса, мұндай шешім біз үшін де оңтайлы», – деді ол.

Сондай-ақ жиында «AMANAT» партиясының «Халықпен бірге!» сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі Жол картасын орындау бойынша Оқу-ағарту министрлігінің есебі тыңдалды.

ҚОҒАМДЫҚ БАҚЫЛАУДЫҢ ЖАҢА ТЕТІГІ

(Басы 1-бетте)

Құжаттың басты жаңалықтарына тоқталсақ.

Біріншіден, ол заңнамаға петиция ұғымын енгізді.

Екіншіден, енді Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексте петицияларды беру және қарау тәртібі регламенттелді.

Үшіншіден, қазақстандықтар өз наразылықтарын Alash.online, Change.org сияқты мамандандырылған порталдар арқылы петиция түрінде білдіріп жүр. Алайда жаңа заңға сәйкес, осы және басқа порталдардағы петициялар назарға алынбайды.

Петицияны тек Қазақстан азаматтары және тек арнайы интернет портал арқылы ғана бере алады. Ол қандай арнайы портал? Алдағы айда Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева «Петиция беру үшін интернет-ресурсты айқындау туралы» бұйрыққа қол қояды деп күтілуде. Министрліктің хабарлауынша, бүгінде «Электрондық жолданымдар–Электронные обращения» ақпараттық-талдау жүйесін Қазақстан азаматтарының петиция жолдауына арналған интернет-ресурс ретінде айқындауға шешім қабылданыпты.

Төртіншіден, әрбір петиция жарияланбас бұрын уәкілетті органның мұқият модерациясынан өтеді: петицияның заңда бекітілген шарттарға сәйкестігі тексеріледі.

Бесіншіден, билік петицияда көтерілген мәселелерді міндетті түрде қарауы үшін ол барынша көп дауыс жинауы шарт. Аудандық деңгейдегі әкімдіктер құзыретіне жататын мәселелер бойынша петициялар – халқы 50 мыңнан асатын елді мекенде кем дегенде 2,5 мың дауыс, қалғандарында халық санының кемінде 5%-ының қолдауын алуы тиіс. Аудандық деңгейдегі мәслихаттар құзыретіне жататын мәселелер бойынша – халқы 50 мыңнан асса, 5 мың дауыс, қалғандары үшін халық санының кемінде 10%-ы болуы шарт.

Облыстық деңгейде әкімнің құзырына кіретін поблемалар бойынша халқы 50 мыңнан асатын елді мекендерде 5 мың дауыс, қалғандары үшін халқы санының кемінде 10%-ы болуы керек. Облыстық деңгейдегі мәслихаттар қарайтын мәселелер бойынша – тұрғындардың кемінде 2%-ының даусы болуы қажет.

Ал республикалық деңгейде Үкімет өкілеттігіне кіретін мәселелерді қаузайтын петициялар кемінде 50 мың дауыс жинауға міндетті. Одан төмен болса, билік елеусіз қалдырады.

Алтыншыдан, қазіргі кезде азаматтар қызбалыққа салынып, эмоцияға беріліп, әлдебір тақырыпта петиция жариялап, соңынан оны ұмытып кетуі мүмкін. Жаңа тәжірибе бойынша петиция авторы сол

үшін жауапкершілік арқалайды. Оған құзырлы органнан қоңыраулар шалынуы мүмкін. Мысалы, петицияны жан-жақты қарау мақсатында мемлекеттік орган петиция авторын өзіне шақырып, әңгімелеседі. Меморган шешімінің жобасын жария талқылау ұйымдастырылады, жеке комиссия немесе жұмыс тобы құрылады, олар автормен бірге оқиға, жоба орнына барады. Мұндай шаралар петицияның қоғамдық мәртебесі мен маңызын арттыруға мүмкіндік беретін көрінеді.

Жетіншіден, әрбір петиция бойынша шешімді мемлекеттік органның бірінші басшысы, яғни министр қабылдайды.

Заң жобаларына бастамашы болған Парламент депутаттарының пікірінше, осының бәрі азаматтардың мемлекет істерін тікелей басқаруға қатысуына жағдай жасайды.

ШЕКТЕУЛЕР САНЫ ШЕКТЕН ШЫҚТЫ

Дегенмен жаңа заңда петицияға қатысты шектеулердің көптігі қоғамдық резонанс тудырды. Мысалы, журналистерге түсініктеме берген Мәдениет және ақпарат министрінің орынбасары Данияр Қадыров қазақстандықтардың бұдан былай әкімдер мен министрлердің отставкасын талап етіп, петиция бере алмайтынын ескертті. Әйтпесе, бұған дейін азаматтар Алматы әкімі Ерболат Досаевтың, Астананың экс-әкімі Алтай Көлгіновтің, Шығыс Қазақстан облысының экс-әкімі Даниял Ахметовтің және басқа басшылардың жұмысына наразылықтарын ашық білдірген болатын. Біраз Мәжіліс депутатының мандатын доғару туралы петициялар көп қол жинады.

«Қазақстанда әкімдер мен министрлерді кім тағайындайтыны және орнынан алатыны заңнамада нақты бекітілген. Бұл Президенттің, Парламенттің, Үкіметтің қарауындағы мәселелер. Сондықтан қазақстандықтар әкімдер мен министрлердің отставкасына қатысты петиция бере алмайды. Заң бар, Президенттің құқығы бар. Басқа мәселелерге петиция жариялауға рұқсат. Президенттің, Парламент пен Үкіметтің құрамына кірмейтін лауазымға қатысты болса, ол петиция ретінде қабылданып, қаралады», – деді вице-министр.

Алайда жаңа, ілеспе заңда петиция ұсынуға жол берілмейтін 17 шектеу тармағы бар. Атап айтқанда, адамның құқықтары мен бостандықтарын бұзуға соқтыруы мүмкін тақырыптағы петициялар қабылданбайды.

Конституциялық құрылысқа, қоғамдық тәртіпке, халықтың денсаулығы мен имандылығына нұқсан келтіруі мүмкін мәселелерге де тыйым қойылды. Бұл жерде қанды қантарға, пандемияға, антиваксерлерге қатысты түйткілдер ескерілсе керек.

Ең бастысы, «Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретіндегі мәртебесін, республиканың біртұтастығы мен аумақтық тұтастығын, оны басқару нысанын, Қазақстан Республикасы Президенті 7 жыл мерзімге сайланады және бір адам бір реттен артық Президент болып сайлана алмайды деген ережелерді өзгертуге, Қазақстанның әкімшілік, аумақтық құрылысы мен Мемлекеттік шекарасына, Мемлекеттік тілге» қатысты петицияларға рұқсат жоқ. Мұнда халықаралық күрделі геосаяси ахуал, сепаратизмнің белең алуы ескерілгені байқалады. Сол себепті, дәл осы талаптарға ешкімнің қарсылығы болмаса керек.

Әйткенмен, шектеулердің бірқатары ел қауіпсіздігіне жауапты органдардың жұмысына кедергі келтірмеуге бағытталған. Мысалға, сот органдарына, күш құрылымдары мен құқық қорғау органдарына, прокуратураға, ұлттық қауіпсіздік, сыртқы барлау, қарсы барлау, жедел іздестіру органдарына, арнайы күзетілетін тұлғалар мен объектілерге петициямен тиісуге болмайды.

Заң Президенттің, Мәжіліс пен Сенаттың, Үкіметтің қарауындағы адамдарды лауазымға тағайындау, сайлау немесе отставкаға жіберу туралы петицияларға тыйым салды. Жалпы, қазақстандықтарға енді сайлау және референдум туралы заңдармен реттелетін мәселелер, билік органдарының құзырын, өкілеттігін, функциялары мен міндетін өзгерту бойынша петиция жазуға болмайды.

ТҮСІНІКСІЗ ТҰСТАР ЕЛДІ ТҮҢІЛТПЕЙ МЕ?

Сарапшылардың пікірінше, заңның тәжірибеде қалай жүзеге асқанына қарай болашақта оны қайта қарап, пысықтау қажет болады. Мысалы, заңда петиция жарияланған соң оған кем дегенде 50 Қазақстан азаматы 10 жұмыс күні ішінде электронды түрде немесе 20 күн ішінде жазбаша түрде қолдап, қосылуға тиістігі көрсетілген. Бұл қалай жүзеге асырылады? Халықтан хат-хабарды кім қабылдап отырады? Заңда ол жағы айтылмаған.

Мұның сыртында егер порталда дәл сол тақырыпта басқа петиция болса, ұқсас мәселені көтеретін петиция беруге де тыйым салынады. Ал бұл үлкен аукымдағы деректерді (Big Data) талдауды, әр өтінішті бұрынғы петициялармен салыстырып, егжей-тегжейлі қарауды, сол үшін мамандардың жеке штатын жалдауды қажет етеді. Себебі әлеумет, экология, коррупция сияқты аталымдар немесе жалқы есімдер бойынша электронды іздеу ұқсастықтардың көптігін көрсетері даусыз. Онда жаңадан бірде бір петиция жариялау мүмкін болмайды.

Саяси менеджмент және технологиялар институтының басшысы, әлеуметтік жобалардың авторы Уәлихан Тұрарбекұлы петицияларды қарау уақытының тым ұзаққа созылатынын қаперге салды. Салдарынан, ол тақырып өзекті болмай қалуы немесе халық қарсы жобаны шенеуніктер едел-жедел іске қоса қоюы мүмкін.

Мәселен, уәкілетті орган кем дегенде 50 адам қосылған күннен бастап, 20 жұмыс күні ішінде петицияның талаптарға сәйкестігін қарауға кіріседі. Тексеру аяқталғаннан кейін оны түрлі сылтаумен авторына кері қайтаруы мүмкін.

Егер барлық сүзгіден өте алса, петиция арнайы порталда жарияланады. Әрі қарай мәселені биліктің қарауы үшін қажетті көлемде, мысалы 50 мың дауыс жинауына 6 ай беріледі. Егер белгіленген көлемде қол жинаса, Үкімет, әкім немесе мәслихат мәселені жарты жылдан соң қарауы мүмкін. Комиссия, жұмыс тобы құрылады. Сонда бас-аяғы 7–9 айға дейін уақыт өтетін түрі бар.

Сарапшылар қабылданған петиция туралы заңның күшіне енуі алты ай кейінге, яғни келесі 2024 жылға қалғанын жеткізді. Бүгінде Мәдениет және ақпарат министрлігі Петицияны қарау нәтижелері бойынша шешімнің нысан-формасын, Петицияларды тіркеу және есепке алу қағидаларын, Петициялар бойынша жазбаша арыздардың нысандарын және басқасын бекітетін бұйрықтардың жобаларын пысықтап жатыр.

«Заң петициялар тақырыптарының аясын қатаң шектеп тастады. Бірақ жоқтан бары жақсы. Петициялардың заңдастырылуының өзі алға қадам. Дәл осы институт елде экологиялық проблемалар тудыратын ірі кәсіпорындар мен инвесторларға қарсы қолданылатынға ұқсайды. Бұл тетікті бір мандатты депутаттар мен халық сайлаған әкімдерді кері шақырып алу үшін де қолдану керек. Өйткені Парламент пен мәслихаттарға бірмандатты депутаттар сайланды. Әкімдер сайлауы да өтіп жатыр. Бірақ билік халыққа әлі күнге дейін өз депутаттарының мандатын кері алып қою құралын бермей отыр», – деді У.Тұрарбекұлы.

> *Егер барлық сүзгіден өте алса, петиция арнайы порталда жарияланады. Әрі қарай мәселені биліктің қарауы үшін қажетті көлемде, мысалы 50 мың дауыс жинауына 6 ай беріледі. Егер белгіленген көлемде қол жинаса, Үкімет, әкім немесе мәслихат мәселені жарты жылдан соң қарауы мүмкін.*

Петицияны жақтаған 50 мың адамның бәрінің дауыс беру құқығының барын, ақыл-есінің дұрыстығын, арасында сот әрекетке қабілетсіз және әрекетке қабілеттілігі шектеулі деп таныған адамдардың болмауын, ол қатарға шетелдік азаматтығы барлардың еніп кетпеуін анықтау орасан зор уақыт, қаржы және кадр ресурсын талап етеді. Ендеше қоғамдық бақылау тетігін жетілдіруге бағытталған заң әлі де жетілдіруді қажет етуі мүмкін. Ол да қоғамның дамуымен бірге жүретін үрдіс. Бастысы халықтың өз үнін билікке жеткізетін ресми жаңа құрал пайда болды.

Елдос СЕНБАЙ

БАСПАНА НАРЫҒЫ, БОЛА МА ЖАРЫҒЫ?

(Басы 1-бетте)

Кәмила ЕРКІН

Бастапқыда талаптарға толық сай келетін пәтер тапсаңыз, бағдарламаның серіктес банктеріне өтініш беріп, мақұлданған жағдайда ипотека рәсімдеуге болатын. Қазіргі кезде пәтерді тауып, жарнасын құйып қойсаңыз да, сәттілік серік болмаса, «алғашқылардың» тізіміне ілігер-ілікпесіңізді білмейсіз. Өйткені осыған дейін толыққанды жұмыс істеп келген бұл бағдарламаға биылдан бастап жылына 100 млрд теңгеге дейін шектеу қойылды. Оның өзінде әр тоқсан сайын банктерге несие беру үшін 25 млрд теңге бөлініп отырады. Алғашқы айларда адамдар банк бөлімшелерінің алдында ұзынсонар кезекке тұрса, қазір барлығы онлайнға көшкен.

Жағдайды алаяқтар да дер кезінде пайдаланып, кезектен тыс пәтерге қол жеткізу «жолдарын» ұсынуда. Бұл туралы бағдарламаның операторы «Қазақстан тұрақтылық қорының» әлеуметтік желі парақшаларындағы ескертулерден көруге болады. Желі қолданушылары «нарықтық ипотеканы рәсімдеуге жалақымыз мардымсыз, мемлекет тарапынан жеңілдетілген несие болмаса, тек пәтер жалдап өмір сүруге тура келеді» деп пікір қалдырған.

Бұл негізсіз де емес, себебі Бірінші кредиттік бюроның мәліметінше, елдегі орташа жалақы мөлшері – 365,5 мың теңге. Ал нарықтағы екінші деңгейлі банктер ұсынатын ипотеканың ең төменгі мөлшерлемесі – 18,5 пайыз. Мұндай жағдайда елдегі орташа жалақы алатын азаматтардың өзі банкте төлем қабілеттілігін растай алмайтыны анық.

Қазақстан қаржыгерлер қауымдастығының мәлімдеуінше, мемлекеттік қолдаудың қысқаруы нарықтағы бағаның төмендеуіне және коммерциялық ипотеканың артуына әсер еткен. Мәселен, биыл қаңтар-шілде айларында 850 млрд теңгеге жаңа несие берілген. Бұл өткен жылдың ұқсас мерзімімен салыстырғанда 19,3 пайызға аз, яғни 205 млрд теңгеге төмен. Ал керісінше, екінші деңгейлі банктерге тиесілі ипотеканың үлесі 2022 жылы 9 пайыз болса, биыл 25 пайызға ұлғайған.

«Халыққа жеңілдікпен ұсынылған «Баспана Хит», «Орда» секілді бағдарламалардың қысқаруынан кейін және «7-20-25» бойынша қаржыландыру шектелген соң, ипотекалық нарық өзінің табиғи тұрақты өсуіне қайта оралуда. Сәйкесінше, мөлшерлеменің өсуін және нарықтағы ең ірі ойыншы – «Отбасы банкіндегі» несие беру шарттарының қатаюын ескерсек, биыл берілген жаңа заемдардың азаюы заңды құбылыс. Сұраныс әлі де жоғары болғанымен, жеңілдікпен баспанаға қолжеткізуге мүмкіндік беретін ресурстардың шектелуі оларды одан да тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. Мәселен, жеңілдетілген автонесие бағдарламасында игерілмеген қаражат санаулы жандарға көлік алуға мүмкіндік берудің орнына автобус парктерін жаңартуға бағытталатын болады. Сол секілді тұрғын үймен қамтуға арналған жеңілдетілген қаржыландыруды әлеуметтік инфрақұрылымды жақсартуға (мектептер, ауруханалар, балабақшалар салу) бағыттау орынды болар еді», – дейді Қазақстан қаржыгерлер қауымдастығының сарапшылары.

Мамандар мұндай жағдайда коммерциялық ипотека рөлінің қайта артуы және ипотекалық кредиттер портфелінде «Отбасы банкі» үлесінің өсуі 59 пайыздық деңгейде қалғаны қалыпты үрдіс деген пікірде. Сонымен қатар тұрғын үй бағасы азаматтардың нақты кіріс динамикасымен теңесуі де оң өзгерістер деп бағаланады. Өйткені бұл тұрғын үй нарығында теңсіздіктің одан әрі жинақталуына жол ашады.



Ал нарықта тұрғын үйге деген сұраныстың көптігі «қалай да баспаналы болуды көздеген» азаматтар үшін түрлі «қызмет түрлері» мен баспаналы болу схемаларын қалыптастырды. Мысалы, «7-20-25» бағдарламасы қалыпты жұмыс істеп тұрған кезеңде азаматтар құрылыс компанияларындағы пәтерлердің 20 пайыз алғашқы жарнасын төлеп, бронға қоятын. Ал қазір жеке кәсіпкерлік ретінде тіркелген ұйымдар алғашқы жарнасы жоқ азаматтарға «делдалдық» қызмет ұсынады. Олар алғашқы жарнаны тұтынушылық несие ретінде рәсімдеп, екінші деңгейлі банктерден ипотека алуға «жәрдемдеседі». Нарықта мұндай қызмет құны – 500-650 мың теңге шамасында. Келісімшартқа отырған сәтте қаражаттың жартысын, ал үйдің кілтін қолыңызға алғанда қалған соманы төлейсіз. Бірақ бұл несие тарихы жақсы және төлем қабілеттілігі жоғары азаматтар тобына ғана арналған. Себебі алғашқы 6 жылда сіздің ай сайынғы төлемақыңыз – 400 мың теңге немесе одан да жоғары болмақ.

Freedom Finance Global компаниясының сарапшылары, ұзақмерзімді перспективада 2022–2023 жылдар 2018 жылы басталған нарықтың өсуіндегі өтпелі кезең екенін алға тартады.

«Қазір әлемдік нарықтар мен елдердің көпшілігі экономиканың тұтастығын сақтай отырып, жоғары инфляциялық көрсеткіштер мен қатаң мөлшерлемелер кезеңінен шығып келеді. Қазір қазақстандық жылжымайтын мүлік нарығының ағымдағы жағдайын қатаң деп бағалауға болады, әрі бұл тенденция 2024 жылдың басында солай болып қалуы мүмкін. Нәтижесінде, аталмыш тенденцияның әсерінен мөлшерлемелер төмендеп, келер жылы нарыққа қолдау көрсетеді. Әрине, ставканың төмендеуі жылжымайтын мүлік нарығындағы барлық мәселелерді шеше алмайды. Мемлекет тарапына белгілі бір деңгейде нарықты бақылау қажет-ақ. Мұндай шаралар халықтың сатып алу қабілетін жақсартуға тиіс», – дейді мамандар.

БҰЛ БӘЙТЕРЕК ҚҰЛАМАЙДЫ

Аяусыз ажал қазақ қоғамының қабырғасын қайыстырып кетті. Айтулы ақын, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Несіпбек Айтұлы 73 жастан асқан шағында өмірден озды.

Қазақ поэзиясының қатепті қара нарына айналған айбоз ақынның артында көркемсөз бен көсемсөзді қатар үкілеген мол мұрасы қалды. Кең тынысты эпикалық поэмалары мен лирикалық өлеңдері арқылы ол қазақ жерінің азаттығын, Қазақстанның тәуелсіздігін жырлап өтті. Осы жолда жанын пида еткен қаншама біртуар тарихи тұлғаларды қайта тірілтіп, тарихи оқиғаларды қайта жаңғыртқан аяулы аға осынау аласапыран жылдар рухын қазақ жұртымен қайта қауыштырды. Оның поэмаларын Алаш жұртының қаһармандық тарихы мен еркіндік аңсарының ауқымды панорамасы, Астана жұртының шежіресі деуге болады. Бір-ақ мысал – Несіпбек Айтұлының Ұлы даланың қасиетті топырағы үшін күрескен Кенесары бастаған ерлер туралы «Ақмола шайқасы» поэмасы да, осы тақырыпқа сабақтас туған «Жер – жаннан қымбат» дастаны да елорданың терең тарихынан сыр шертеді.

Абзал жанның саналы ғұмырын азаттық тақырыбына арнауы да тегін емес. Тағдыр жазуымен 1950 жылы Шығыс Түркістанның Тарбағатай аймағында туған. Ол тек 12 жасында ғана ата-анасымен бірге атамекенге оралған екен. Орта мектепті бұрынғы Семей облысына қарасты Баршатас ауылында оқыған. Алғашқы «Балалық» атты өлеңі 1965 жылы Шұбартау аудандық «Жаңа өмір» газетінде жарық көрген. 1974 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетін бітірген соң да алғашқы еңбек жолын осы газетте бастаған. Ал «Қанатқақты жырлар» топтамасы 1972 жылы Мұқағали Мақатаевтың сәт сапар тілеуімен «Лениншіл жас» газетінде, тұңғыш кітабы 1974 жылы «Қозыкөш» деген атпен жарық көріпті. «Қозыкөш» деп аты айтып тұрғандай, атақұлдікке деген сағыныш, азаттыққа деген аңсар бала кезден-ақ жас ақынның тамырында рух болып бұлқынып жатса керек. Оған дәлел – автордың мінезіндей болған небір адуынды жырлар мен болмысын түлеткен небір лирикалық сырлар өмірге келді. Олар «Жүректегі жаңғырықтар», «Әке туралы сыр», «Жаңбыр әні», «Түнделеп ұшқан тырналар», «Рухымның падишасы», «Мұқағали-Желтоқсан», «Бәйтерек», «Көз жасым», «Бөрітостаған», «Ерлікке ескерткіш», «Сардар», «Құланойнақ», «Арқатірек», «Наурызбай», «Ту», «Сарайымнан шыққан сөз», «Дариға, дәурен», балаларға арналған «Балабақшаға барар жолда», «Желкілдеп өскен құрақтай», «Күміс күйме», «Қартаймайды күн неге?» атты кітаптары жарық көрді.

Несіпбек ағаның тағы бір қыры – аудармашылығы еді. Бүгінде артында Шығыстың ұлы шайыры Ә.Науаидың «Ескендір қорғаны», «Ләйлі-Мәжнүн» дастандары, «Игорь жорығы туралы жыр» және тағы да басқа тәржімә кітаптары мұра боп қалды. Ол түріктің VII ғасырда өмір сүрген ұлы ақыны Жүніс Еміренің, қытайдың көне дәуір ақыны Бо Цызюдың, француз ақыны ДЖ.Родаридың, сондай-ақ, М.Исаковский, А.Барто, С.Михалков, С.Баруздин, В.Берестов, Т.Сыдықов, С.Жусуевтардың өлеңдерін ана тілімізде сөйлетті. Сондай-ақ ән мен әуез жанрына да шығармашыл жанның өзіндік қолтаңбасы қалды. Оның «Ән-домбыра», «Сарыарқа», «Дәурен-ай», «Арман», «Дариға, дәурен», «Қазақтай ел қайда?» секілді көптеген туындылары халықтың сүйіп айтатын таңдамалы әніне айналды.

Несіпбек Айтұлы – суреткер ғана емес, қазіргі қазақ қоғамында қалыптасқан өзекті мәселелер, ұлтымыздың жарқын болашағы мен бүгінгі күніне әсер ететін елеулі оқиғалар туралы сергек пікір білдіріп, шұғыл ойларын жариялап отыратын еркін ойлы қаламгер де. Ана тілі, ата ділі, ұлттық құндылықтар, әсіресе рухани өмірімізде толғағы жеткен түйткілді дүниелер ақынның назарынан тыс қалған емес. Оның осы бағыттағы мақалалары мен сұхбаттары «Сарайымнан шыққан сөз» деген атпен 2014 жылы жеке том болып жарыққа шықты.

Ақын шығармаларының әр бір туындысы – бір-бір төбе. Соның ішінде азаттық монументіне жырдан ескерткіш қойған оның «Бәйтерек» поэмасы әдеби қауым тарапынан жоғары бағаланып, 2004 жылы Мәдениет министрлігі жариялаған Республикалық патриоттық әндер конкурсының жеңімпазы атанған еді. Ата-баба арманы орындалып, еліміз Тәуелсіздік алған, әлемдік қауымдастықтан мәртебелі орынын иеленіп, жаңа Астана бой түзеген шақта ақын перзенті тәбәрікке жүректен шыққан жырын тарту еткен болатын. Осы «Бәйтерек» балладасы – елорданың ғана емес, күллі Қазақ елінің арман-мұратын әйгілеген рәмізі болса, Несіпбек аға да қалың оқырманының жүрегінде поэзия бәйтерегі болып қалды. Жазымыштың жазуына не шара... Енді бүгінде қазақ поэзиясының бәйтерегі құлады. Мәңгілік мекенін ғұмырының соңғы 20 жылы өткен осы Сарыарқа даласынан тапты. Қаралы хабар қалың қазақтың қабырғасын қайыстырып кетті. Aiqyn газетінің ұжымы да ақын ағамыздың отбасына, ағайын-туыстарына қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

ҚОШ БОЛ, АҢҚЫЛДАҒАН АҚ КӨЙЛЕК АҒА-ДОСЫМ!

Анау жолы Несіпбек ағамыз аяқ астынан оңбай жығылып, соңынан қайыра тұрған кезде – «уай, тәубе!» – деп баршамыз қуанып қалып едік. Өзі де рухы мықты, байтақ мінез, санасы сара азамат қой, бұдан былай дүр сілкініп жүріп кетер деп Алладан үміт еткеніміз рас.

Бірақ опасыз сырқат опындырмай қоймайды екен, ақыры алып жыққан сияқты. Өмірін жырмен құндақтаған санаулы саңлағымыздың бірі, аңқылдаған аққөйлек ағамыздың, жөні бөлек, жосығы ерек досымыздың өмірден өткенін естідік. Айдың-күннің аманында қазақтың жампоз жыры ойсырап қалғандай күйге түстік. Қаралы хабар еңсені езіп, көңілді құлазытып, қабырғамызды қақыратып жіберді. Мұндай қаралы сәттерде байырғы базарлы кезіміз, байрағай да тайрағай алаңсыз бозбала шақтар, келмес күндер еске түседі екен...

Нес-ағаңмен бірге біздің де қызыққа толы жастық дәуреніміздің көп күндерінің бірге өткені бар. Кейінгі есейген сән мен салтанаты мол жылдар, қызметте жүрген ереуіл күндер, Астанаға көшкен қарбалас қызықтар – күні кешедей бәрі-бәрі жадымызда.

Бозбала шағымызда Нес-ағаң «Балдырғанда», біз Тұрсын Жұртбай екеуміз «Білім және еңбек» журналындамыз, бір қабатта тұрамыз, құдайы көршіміз. Бірде тығыз тапсырмамен жазу жазып, редакцияға таңғы сегізден келіп отыр едім, бөлмеме Несіпбек кіріп келсін...

«Таң атпай бұл ағамыз не істеп жүр?» деп таңданып қалдым. Сөйтсем, дәлізде Мұқағали Мақатаев тұр екен, кесек тұлғалы ағамыздың түрі жауар бұлттай күреңітіп кеткен. Ұшып тұрып, қол беріп амандасып жатырмын.

- Мен Несіпбекті алып кетем! – деді Мұқаң. – Сен солай деп Мұзафарға ескертерсің?

Солай деді де, екеуі қолтықтасып, елжұрт әлі қызметін бастамай тұрып жұмыс басынан жоғалды. Екеуі бірін бірі жетелегендей болып, дәлізде кетіп бара жатқан суреті әлі күнге көз алдымда қалыпты.

Арада бірер ай уақыт өткенде, тағы сол Несіпбек ертелетіп бөлмеме арсы-гүрсі келіп тұр.

– Алатаудың алып шыңы құлады! – деді түтігіп. Мен түк түсінбесем де, жер сілкінді ме деп, шошына терезеден Алатауға қарай беріппін.

– Қазақ поэзиясының алыбынан айрылдық! – деді Нес-ағаң. – Өмірден Мұқағали өтті!

Қаралы хабарды бізге Несіпбек ағамыз осылай естірткен еді. Енді, міне ки, асыл ағамыздың өзі де келместің кемесіне мінген екен.

Қазақтың жоталы ақыны, өзінің асқақ жырларындай биік рухтың иесі – Несіпбек Айтұлы! Қазақ жырының айбозы, эпикалық дәстүрдің соңғы тұяғы, саба түбі сарқындысы!

Қош бол, аңқылдаған ақ көйлек ағадосым!

Әлібек Асқаров,
жазушы

ЖҰРТПЕН БІРГЕ ЖАСАЙДЫ

«Ахау жалған,
Ахау арман. Арман, арман.
Аққудың көз жасындай көлге тамған,
Жанымды тербетесің шерге толған!», – деп жырлаған ақын аға, абзал аға – Несіпбек Айтұлы бабалар мекеніне бет бұрыпты...

«Аққудың көз жасындай көлге тамған». Неткен сұлу сөз! Неткен бояуы қалың теңеу!

Қалың қазақ күңіреніп жатыр.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев көрнекті ақын, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Несіпбек Айтұлының дүниеден өтуіне байланысты отбасы мен жақын туыстарына көңіл айтты.

«Несіпбек Айтұлы ұлттық өнеріміз бен мәдениетімізді өркендетуге сүбелі үлес қосып, руханият саласының алға басуына күш-қайрат жұмсады. Қазақстан тәуелсіздігінің жыршысына айналған ақынның тартымды туындылары оқырмандар тарапынан жоғары бағасын алды. Өнегелі ғұмыр кешіп, соңына мол әдеби-мәдени мұра қалдырған Несіпбек Айтұлының жарқын бейнесі ұмытылмайды».

Кезінде «Жалын» альманахы жасырын бәйге жариялайтын. Несаған сондай жабық бәйгенің талайын алды. «Бас сүйектері», «Жасынның сынығы», «Найзағай», «Жүректегі жаңғырықтар» поэмалары соған айқын дәлел. «Бәйтерек», «Көз жасым», «Бөрітостаған», «Ерлікке ескерткіш», «Сардар», «Құланойнақ», «Арқатірек», «Наурызбай», «Ту», «Сарайымнан шыққан сөз», «Дариға, дәурен» атты кітаптары қолдан қолға тимей, кеңінен тарады.

Несіпбек аға Алаштың Ақселеуімен тығыз творчестволық байланыста болды. Ақаң дегенде Несіпбек ағаның ықыласы мен құрметі ерекше еді. Екеуі ағалы-інілі бауыр боп қатты сыйласты. «Сарыарқа», «Дәурен-ай» атты әндер – соның жемісі. Оның «Ән домбыра», «Арман», «Дариға дәурен», «Қазақтай ел қайда?» секілді маржан сөзге толы мазмұнды туындылары қазақпен бірге жасай береді...

Нұртөре ЖҮСІП,
сенатор

«КӨК ҮЙЛЕРДІҢ» БАСЫНАН БҰЛТ КЕТПЕДІ

Шымкент қаласының жүрегінде, яғни әкімшілік іскерлік орталығының маңындағы үйлердің басынан бұлт арылмай-ақ қойды. Әсіресе, «көк үйлер» атанып кеткен қала әкімдігінің маңындағы сырты көкпен боялған бірнеше көпқабатты үй тұрғындары үнемі наразылық білдіріп жатады. Олар біресе үп еткен желден жарықтың жалп етіп өшіп қалатынын, жаңбыр жауса төбеден су ағып үйдің ішін малмандай ететінін, тағы бірде құбырдың жарылғанын айтып шағым айтады. Шыны керек, осындай келеңсіздіктер жиі болатындықтан, бүгінде қаланың қақ ортасында орналасса да, қазір «көк үйлерге» сұраныс аз. Сатып алушылар да, пәтер жалдап тұратындар да бұларға жолай бермейді.

Жуырда бағы ашылмаған «көк үй» тұрғындары тағы шу шығарды. 3 айдан бері жылы сусыз отырған олардың шыдамы таусылған. «Нұрсәт» шағынауданы 40-үй тұрғыны Ақбота Елемес 20 тамыздан бері жылы су болмай қиналып отырғанын айтады. Әсіресе, күн суығалы бұл мәселе күрделеніп кеткен. Оның үстіне «мектепке баратын балаларды жуындыра алмай, өркениеттен тысқары қалдық» дейді тұрғындар.

«Нұрсәт» шағынауданы 40-үйдің үй комитетінің төрайымы Айгерім Нұрбекова бұл көпқабатты үйлерден проблема жиі шығатынын айтты. «Төрайым болғанымa 2 жыл болды. Бұл үйлердің жыры бітпейді. Мұнда әрқайсысы 140 пәтерлік жобасында 10-нан аса көпқабатты үй бар. Негізінен, бұлар «Қазақстан ипотекалық компаниясы» арқылы алынған және арендалық үйлер. Яғни, тұрғындардың басым бөлігі үй кезегінде тұрып қол жеткізген, мемлекеттік бағдарамалар арқылы алынған үйлерде тұрады. Сапасы нашар. Су құбрлары ескірген, жаңбыр жауса төбеден су тамшылайды. Шатырларының ұшқанынан да хабарларыңыз бар. Жақында 2 күн бойы газ болмады. Ал жылы суды көрмегенімізге тіпті біраз болды. Қазір аулада су құбырларына жөндеу жұмыстары жүріп жатыр. Құрылыс жүргізіп жатқандардан сұрастырсақ, бұрын үйді салғанда көлемі кіші құбыр қойылған екен. Салдарынан жоғары қабаттағы үйлерге су жетпей жүрген. Оның үстіне, құбырлардың да жиі жарылуына құбыр көлемінің кіші болуы әсер етіпті. Әрине, бұған қуанамыз. Дегенмен шыдамның да шегі бар. Құрылыс жаздыгүні маусымда басталып, сол кезде жылы су өшті. Бір айдан соң жылы су қосылып, тағы 1 айдан кейін, яғни тамызда қайта ажыратылды. Содан бері әлі күтіп жүрміз. Қуат жылу орталығының өкілдері жылу бергенде қосылады деп сендіріп отыр. Оған да күмәніміз бар», – дейді үй комитетінің төрайымы.

Одан бөлек, осынау үйлердің арасына өрт сөндіру қызметі, жедел жәрдем көлігі кіре алмайды екен. Аула тар, бір көліктің өзі айналып жүре алмайды. «Бейнекамералар жоқ, ұрлық жиі болады», – дейді. Көлік тұрағы бар, бірақ ұрлық жиі болатындықтан тұрғындар ол жаққа көлігін қоймайтын көрінеді. Барлығы да көпқабатты үйдің ауласына тығылыстырып қоя береді. Тіпті, ол аумақ жарықтандырылмаған. Осы мәселені көтерген үй комитетінің төрайымы Полиция басқармасына хат жолдаған. Полициядан келген жауапқа сүйенсек, қала әкімі қаржы қарастырса, талаптарыңызды орындап береміз депті. Тұрғындар енді бұл мәселемен қала әкіміне шағымданып, жауап күтіп отыр.

Кәріз жүйесінің істен шыққаны да көпқабатты үй тұрғындарын мезі еткен мәселенің бірі. Тұрғындар 180 мың теңге жинап сорғы сатып алыпты. Қайта-қайта ақша жинау да оңай емес. «Көк үйлерді» мекен еткен бір қауым ел 8 жылдан бері осындай бітпейтін проблемадан шаршаған.

Ал жылы су 20 қазан күні іске қосылатын жылу беру кезінде қосылады дегенге де сеніңкіремейді. Себебі жөндеу жұмыстарының әл-әзірге бітетін ынғайы жоқ. Осынау құрылыс жұмыстары да тұрғындардың күнделікті тұрмыстық тіршілігіне қолайыздық туғызып отыр.

Шымкент қаласының Энергетика және инфрақұрылымды дамыту басқармасы баспасөз қызметінің хабарлауынша, «Шымкент қаласы «Нұрсәт» тұрғын алабындағы ТК-5-тен ТК-11-ге дейін магистралды жылу жүйесіне қайта құру жұмыстары» нысанының құрылыс жұмыстары жүргізіліп жатқан. Сол себепті ТК-5-тен ТК-11-ге дейін магистралды жылу құбырынан алатын 18 көпқабатты тұрғын үйлер (31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 74) ыстық судан уақытша ажыратылған. «Дәл қазір мердігер мекеме жұмыс істеп жатыр. Құрылыс жұмыстары аяқталғаннан кейін шұғыл түрде қайта ыстық суға қосылатынын хабарлаймыз. Жылу маусымына дейін аяқталады деп күтілуде» деп жауап берді басқарма мамандары.

Энергетика және инфрақұрылымды дамыту басқармасы басқармасының басшысы Мақсат Ерденбеков «Отырар» телеарнасына берген сұхбатында Шымкентте жылу беру маусымы 20 қазанда басталатынын, жылуды бірінші болып әлеуметтік инфрақұрылым нысандары алатынын айтқан. Олардың қатарында мектептер, балабақшалар, ауруханалар мен емханалар бар. Одан кейін көпқабатты үйлер (оның 2716-сы Шымкентте) мен жеке сектор болады. Бірақ ауа райының күрт суытуына байланысты қайта қаралуы әбден мүмкін. «Жылыту маусымына дайындықтың күзгі жұмыстары аяқталуға жақын. Қалыптасқан дәстүр бойынша бірінші кезекте науқастар мен балалар жылу алады. Шымкент әкімі Ғабит Сыздықбековтің жаңа қаулысы шықса, жылуды ертерек береміз. Біз дайынбыз», — деді Мақсат Ерденбеков. Жыл маусымына дайындауға жергілікті бюджеттен 3,2 миллиард теңге бөлініп, 8,8 шақырым жылу желілері жөнделген. Басқарма басшысы ең қатал қысқа да дайынбыз деп тастүйін отыр.

Ал көпқабатты «көк үйлердің» тұрғындары көрші тұрған әкімдік ғимаратына телміріп, жылы суды аңсап отыр. Бұйырса, басқарма басшысы сендірген 20 қазан да қыр астында тұр.

Назгүл НАЗАРБЕК,
Шымкент қаласы

ӘКІМ ХАЛЫҚҚА ЕСЕП БЕРДІ

Маңғыстау облысының әкімі Нұрлан Ноғаев жұмыс сапарымен Жаңаөзен қаласына барды. Мұнайлы қалаға үш күндік жұмыс сапарымен келген өңір басшысы Теңге, Қызылсай, Рахат және Кендірлі сияқты қала маңындағы ауылдарда есептік кездесулер өткізді. Жұмыс сапарының соңғы күні әкім қала жұртшылығымен жүздесті.

Биыл іргетасы қаланғанына 55 жыл болған қаладағы тұрғын үй қорын жаңарту халықтың өмір сүру деңгейін жақсартудың маңызды міндеттерінің біріне айналып отыр. Өйткені мұндағы тұрғын үй қорының апатты жағдайы мен әбден тозығы жетуі күн тәртібінен түспей тұр. Мұндай жағдайда тұрғын үйді жаңғырту мәселесі бірінші орынға шығады.

2022 жылдан бастап Жаңаөзенде 2020–2025 жылдарға арналған «Нұрлы жер» мемлекеттік тұрғын үй-коммуналдық даму бағдарламасына сәйкес, тұрғын үй қорын жаңарту бағдарламасы жұмыс істейді. Осы мақсаттарға бюджеттен 1,2 млрд теңге бөлінді. Қазір Жаңаөзен қаласында 262 көпқабатты үй бар, оның 232-сі 1960–1980 жылдар аралығында салынған. Ағымдағы жөндеу жұмыстары аясында оуың екеуі апатты деп танылып, 200-ден астам тұрғын басқа үйлерге көшірілді.

Сонымен қатар қалада күрделі жөндеуді қажет ететін 52 тұрғын үй бар. Қазір оның 15-і «Нұрлы жер» бағдарламасы есебінен жөнделді. Ал қалған 37 ғимарат үшін кезең-кезеңімен қалпына келтіру жұмыстары жоспарлануда. Бұл шаралар қала тұрғындары үшін үй жағдайын жақсартуға бағытталған. Сондай-ақ Жаңаөзенде 40 ескі үй бар, олардың қазіргі жағдайын анықтау үшін сараптамалық бағалау жүргізуге жіберілді. Талдау нәтижесі белгілі болған соң апатты деп танылған ғимараттар бұзылып, қалғаны күрделі жөндеуден өтеді.

Жаңаөзен тұрғындарын толғандыратын тағы бір мәселе – су тапшылығы. Қалада жазда – орташа есеппен тәулігіне 42 мың текше метр, ал қыста тәулігіне 30 мың текше метрге дейін су беріледі. Бұл мәселені шешу үшін 2025 жылға дейінгі кешенді даму жоспары шеңберінде қуаттылығы тәулігіне 50 мың текше метр теңіз суын тұщыту зауытын іске қосу жоспарланған. Сонымен қатар қалада 2023 жылдың соңына дейін сумен жабдықтау, кәріз жүйелерін қайта құру және кеңейту жоспарлануда. ТҮКШ инженерлік жүйелерін жаңарту сумен жабдықтау сапасын жақсартуға мүмкіндік береді.

Халықпен алты сағаттық кездесуде тұрғындар әкімге жұмыспен қамту, медициналық қызмет сапасы, бизнесті дамыту, ескі көппәтерлі үйлерге күрделі жөндеу жүргізу сияқты түрлі сұрақтар қойды. Есепті кездесуге қатысқандардың кейбірі тұрғын үй алуға жәрдемдесу, сондай-ақ мұнай-газ саласына жұмысқа орналастыру туралы өтініш жасады. Нұрлан Ноғаев халықтың туындайтын барлық мәселесін қолданыстағы заңнама шеңберінде шешу қажет екенін атап өтті.

– Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауында мемлекеттік органдардың жұмысында әділдік пен ашықтық қағидаттарын басшылыққа алудың маңыздылығын білдірді. Ол халықта туындайтын барлық мәселе, соның ішінде жұмысқа орналасуға және ауызсуға қол жеткізуді қамтамасыз етуге байланысты мәселелер қолданыстағы заңнамаға сәйкес қатаң шешілуі тиіс екеніне ерекше назар аударды. Мұнай-газ саласына жұмысқа орналасуға келетін болсақ, мен келісілген алгоритмнің талаптарын сақтамай, барлығын, тіпті кезексіз ұйымдастырудың мүмкін еместігі туралы бірнеше рет айттым.

Біз әрқашан ашық диалог құруға дайынбыз. Алайда осы тұста менің атап өткім келетін мәселе – тек мұнай өнеркәсібінде ғана емес, басқа салаларда да қызмет атқару мүмкіншіліктерін қарау керек. Мәселен, көптеген тұрғындарымыз дәрігерлердің тапшылығы туралы айтады, осы мәселені шешу үшін мемлекет көптеген гранттар бөліп, тегін білім беруде. Сондай-ақ бизнеспен айналысамын дейтін жандарға мемлекеттік қолдау шараларына кепілдік береміз. Сонымен қатар болашақта жасыл энергетика, ауыл шаруашылығын дамыту және басқа да көптеген жаңа салаларда мүмкіндіктер өте көп, – деді Маңғыстау облысының әкімі.

Есепті кездесу аяқталған соң, Нұрлан Ноғаев Жаңаөзен қаласының 88 тұрғынын қабылдады. Ал үш күндік іссапар барысында аймақ басшысы жалпы есепте 145 тұрғынмен жеке кездесіп, мәселесін тыңдады.

Сағындық РЗАХМЕТОВ,
Маңғыстау облысы

Біз Ақпараттық және есептеуіш технологиялары институты Ақпараттық қауіпсіздік зертханасының меңгерушісі, техника ғылымдарының докторы, профессор Рүстем Бияшевты сағына еске аламыз. Әңгімемізді ғылымға елеулі үлес қосқан, кісілік келбетімен өз ортасына шуақ шашқан ұстазымыздың өмір дерегін таратудан бастайық.

ЖАЙДАРЫ МІНЕЗДІ ҒАЛЫМ

Рүстем Гакашұлы 1938 жылы 11 наурызда Шымкент қаласында белгілі генетик-ғалым, өсімдік селекционері, Қазақ КСР Ғылым Академиясының академигі, ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор, ғылымға еңбек сіңірген қайраткер Бияшев Гакаш Закиұлының (1906–1987) отбасында дүниеге келген. Рүстем бір жасқа толғанда, 1939 жылы атаанасы Алматыға қоныс аударды. 1955 жылы Алматы қаласындағы №28 орта мектепті бітіргеннен кейін Рүстем Гакашұлы С.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің (ҚазМУ) Механика-математика факультетіне оқуға түседі.

Кейін академик атағын алған және ҚазМУ проректоры қызметін атқарған, техника ғылымдарының докторы А. Лукьянов сол жылдары Аналогтік жүйелер негізінде есептеу машиналары зертханасының ашылуына қол жеткізді. Бұл зертхана көптеген жылдар бойы университетте жұмыс істеп тұрды және мамандарды даярлау мен бірқатар практикалық мәселелерді шешуге ықпал етті. Ашылғанына бір жыл өткеннен кейін, алғашқы 20 түлегін шығарады, оның ішінде біздің кейіпкеріміз Рүстем Гакашұлы да бар еді.

Р.Гакашұлы 1960 жылы жоғары оқу орнын бітіргеннен кейін 1965 жылы ҚазКСР ҒА Математика және механика институтының құрамына енген ҚазКСР ҒА Машиналық және есептеу математикасы зертханасына жұмысқа бөлінді. Ол жерде 1968 жылға дейін аға зертханашы, инженер, кіші ғылыми қызметкер қатарлы көптеген жұмыс атқарды. Береке тұнған ұжымда жұмыс істеген алғашқы күндерінен бастап-ақ Рүстем Гакашұлы өзін ынталы, ізденімпаз жас маман ретінде көрсете білді.

1968 жылдың маусым айында Мәскеуге (Зеленоград) КСРО Электронды өнеркәсіп министрлігінің (ЭӨМ) Мамандандырылған есептеу орталығына кіші ғылыми қызметкер болып барды. Көп өтпей зымыранға қарсы қорғаныс кешеніне арналған жоғары жылдамдықты цифрлық есептеу машинасын жобалау шеңберінде, көпмүшеліктер сақинасында позициялық емес санау жүйесінің машиналық арифметикасын және кодтау теориясына қосымшаларды әзірлеу үшін аға ғылыми қызметкер болып ауысты. Есептеу орталығында Р.Бияшов борттық машиналарды жасауда қолданылатын есептеу құрылғыларының сенімділігі мен жадын қорғауды жақсартуға байланысты көптеген қызмет істеді.

1970 жылдың ақпан айында Мәскеу қаласында КСРО ЭӨМ Микроқұралдар ҒЗИ кеңесінде жабық тақырыпта физика-математика ғылымдарының кандидаттығына диссертация қорғады.

1974 жылы сәуірде КСРО Ғылым және техника жөніндегі мемлекеттік комитетін ұйымдастыру және басқару мәселелері жөніндегі Бүкілодақтық ғылыми-зерттеу институтына ауысады. Ол жерде 1994 жылдың қазан айына дейін аға ғылыми қызметкер, сектор басшысы және бөлім бастығы болып қызметтер атқарды. Кейін бұл мекеменің атауы Бүкілресейлік есептеу техникасы және ақпараттандыру ғылыми-зерттеу институты болып өзгертілді. Ғұмырының бұл кезеңінде Рүстем Гакашұлы деректер алмасу жүйелеріндегі сенімділікті арттыру мәселелерін шешумен және Есептеу орталықтарының мемлекеттік желісінде (ЕОМЖ) және жалпымемлекеттік автоматтандырылған жүйеде (ЖАЖ) ақпаратты қорғау бағдарламасын әзірлеумен айналысты. Бұл жұмыстарды белгілі ғалым, академик В.Глушков тікелей қадағалап басқарған болатын.

1980 жылы Рүстем Гакашұлына аға ғылыми қызметкер атағы берілді, ал 1985 жылы «Таратылған АБЖ-де деректер алмасу жүйелеріндегі сенімділікті арттыру әдістерін әзірлеу және зерттеу» тақырыбында докторлық диссертациясын сәтті қорғады.

1987–1988 жылдары Рүстем Гакашұлы Жалпы мақсаттағы есептеу техникасы құралдарының (ЕТҚ) Техникалық деңгейін бағалаудың мерзімдік әдістемесін әзірлеумен айналысты. Р.Гакашұлы әзірлеген бұл жоба 1989 жылы КСРО Есептеуіш техникалар және Информатика бойынша Мемлекеттік комитет пен КСРО Мемлекеттік стандартының бірлескен қаулысымен ЕТҚ әзірлейтін және өндіретін барлық ұйымдар үшін міндет ретінде енгізілді. 1990 жылдан бастап Ресейде ЕТҚ сертификаттау жөніндегі алғашқы органды және 1993 жылдан бастап аккредиттеу саласында анықталған өнімдерді практикалық сертификаттауға кіріскен Функционалдық параметрлері бойынша жеке электронды есептеу машиналарын сынау зертханасын құру бойынша іргелі жұмыстарға басшылық етті.

Р.Гакашұлы Мәскеудегі үш докторлық мамандандырылған (диссертациялық) кеңестің, «Информатика» журналының «Есептеу техникасы және ақпараттандыру мәселелері» сериясының редакциялық алқасының құрамына кірді.

1993 жылы «Аймақтық ақпараттандыру» бөлімі бойынша Халықаралық ақпараттандыру академиясының академигі болып сайланды. Ол көптеген танымал ғалымдармен және ақпараттандыру мамандарымен бірлесіп сүбелі еңбектер істеді. Р.Гакашұлымен бірге бұл салада елеулі еңбек еткен ҚазКСР ҒА корреспондент мүшесі, профессор И.Акушский, МЕО директоры профессор Д.Юдицкий, ҰҒА академигі, профессор В.Амербаев, ғылым докторлары мен профессорлар И.Пак (Алматы қ.), Ю.Дадаев, Ю.Михеев, П.Братухин, В.Гадасин, А.Щёрс, В.Квасницкий, В.Герасименко, Ю.Черкасов, В.Конявский, В.Лисицын (Мәскеу қ.) сынды ғалымдар бар еді.

1993 жылы Рүстем Гакашұлы Халықаралық ақпараттандыру академиясының толық мүшесі болып сайланды.

1994 жылдың қазан айында Р.Бияшев Алматы қаласына қоныс аударуына байланысты Қазақстан Республикасы ҰҒА Информатика және басқару мәселелері институтына (ИБМИ) бас ғылыми қызметкер болып ауысты. Ал 1994 жылдың қарашасында Институт директорының ғылыми жұмыс жөніндегі орынбасары болып тағайындалды. ИБМИ-де Рүстем Гакашұлы іргелі және қолданбалы зерттеулер жүргізді. Оның басшылығымен «Қазақстан Республикасы халық шаруашылығын ақпараттандыру» бағытындағы республикалық бағдарламалар бойынша ғылыми жобалар орындалды.

> *Ғалым Р.Гакашұлының ғылыми-зерттеу еңбектері мен мақалалары Қазақстандағы, алыс-жақын шетелдегі түрлі басылымдар мен ғылыми конференция жинақтарында жарияланды. Ғалымның жетекшілігімен 3 докторлық, 8 кандидаттық және 3 PhD диссертация қорғалды.*



Институттың атауы 2014 жылы «Ақпараттық және есептеуіш технологиялар институты» (АЕТИ) болып өзгертілді. Р.Гакашұлы 2015 жылдан бастап институттың Ақпараттық қауіпсіздік зертханасының меңгерушісі болды. Ғалымның жетекшілігімен Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің гранттық және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру жобалары бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстары нәтижелі жүргізілді. Бұл ғылыми-зерттеу жұмыстардың мақсаты – позициялы емес полиномды санау жүйелері негізінде шифрлау алгоритмдері мен электронды цифрлық қолтаңба схемаларын, сондай-ақ қолжетімділікті шектеу және псевдокездейсоқ тізбектерді (ПКТ) генерациялау алгоритмдерін құру, зерттеу және іске асыру болатын.

Ғалым Р.Гакашұлының ғылыми-зерттеу еңбектері мен мақалалары Қазақстандағы, алыс-жақын шетелдегі түрлі басылымдар мен ғылыми конференция жинақтарында жарияланды. Ғалымның жетекшілігімен 3 докторлық, 8 кандидаттық және 3 PhD диссертация қорғалды.

Осылайша, ғұмырының алпыс жылдан астам мерзімін ғылымға арнады. Бұл еселі еңбек пен теңдессіз жетістік ғалымның жас кезінде дұрыс та саналы таңдау жасай білгенінің нәтижесі еді. Өзі зерттеген ғылым саласының асқар шыңына шығумен бірге, ғылыми қауымның, зиялы жұрттың алқауына бөленген, болашаққа үлгі болар дара кісілік мінезімен сыйлы ғұмыр кешкен көрнекті ғалым, математик Рүстем Гакашұлы Бияшев 2023 жылдың 18 наурызында 85 жасында дүниеден өтті.

Парасаттың биік шыңында ғұмыр кешкен ғалымның мінезі кең жайлаудай жан еді. Ой-өрісінің кеңдігімен, әзілдесе сөйлейтін әдетімен адамдарды баурайтын. Әңгімешіл ғалым төңірегіндегілермен керемет сұхбаттасушы еді. Әрбір оқиғаны майын тамыза айтатын. Профессор ғалыммен шын жүрекпен, пәк ниетпен кеңесу былай тұрсын, пікірталасқа түсуге де әбден болатын. Рүстем Гакашұлы академик ғалымдармен де, студенттермен де тең дәрежеде сөйлесетін. Біреудің ат-атағына жығылу деген Рүстем ағамызда атымен жоқ еді. Өзгеше жомарттығымен, болашаққа деген сенімділігімен, адамдарға деген қайырымдылығымен, ақыл-ойының терендігімен, қарапайымдылығымен және жоғары жауапкершілігімен жұрттан дара тұратын. Оның тек математикалық мәселелерге ғана емес, күнделікті өмірде кездескен мәселелерге деген жігерлі де оптимистік көзқарасы әріптестеріне аса үлкен шабыт беретін. Сондықтан да ғалым Р.Гакашұлы үлкен беделге, жоғары құрметке ие болуы заңдылық еді. Ғалым мұндай беделге көпжылдық өлшеусіз еңбекпен және ғылымға деген адал көзқараспен, сенімі мен күш-қайратының арқасында жетті.

Біздің есімізде Рүстем Гакашұлы адалдықтың, шыншылдықтың және парасаттылықтың мәңгілік үлгісі болып қала береді. Мұраттас әріптестерінің көкейінде ол әрқашан мейірімді аға, сырлас дос, қамқор көшбасшы болып сақталады. Ел құрметіне лайық біртуар ғылым иесі Р.Гакашұлы өзі сара жол салған ғылымдағы жас ғалымдар үшін үлгі тұтуға лайықты заңғар тұлға болып қала бермек.

Сәуле НЫСАНБАЕВА,
техника ғылымдарының докторы, профессор

ТҮРКІСТАН – ТҮРКІЛЕРДІҢ ТУРИСТІК АСТАНАСЫ

Түркістан облысы құрылған сәттен бастап оның әлеуметтік-экономикалық дамуымен қатар, Түркістан қаласының идеологиялық негіздемесін қалыптастыру бойынша 4 бағыт айқындалған болатын. Біріншіден, Түркістан – қазақ халқы мен түркітілдес елдердің ең ірі зиярат және туризм орталығы. Екінші, Түркістан – әлемдік деңгейдегі қолөнер және шеберлер орталығы. Үшінші, Түркістан – Ұлы Жібек жолының бойында орналасқан ірі сауда орталығы. Төртінші, Қожа Ахмет Ясауи – рухани тұлға.

Түркістан облыс болып құрылғалы 5 жылдан асты, осы уақыт ішінде аталған бағыттар бойынша көптеген идеологиялық жұмыс атқарылды. Дәлірек айтсақ, өңірлік және халықаралық деңгейде туризмді дамыту үшін бірқатар ауқымды жобалар іске асуда. Күні бүгінге дейін туризм бағытында 356 млрд теңге шамасында инвестиция тартылған.

Міне, соның нәтижесі деп айтуға болады, қайта түлеп жатқан Түркістан – түркі әлемінің туристік астанасы атанды. Бұл туралы түркі елдерінің өкілдері арасында өткен Түркістандағы туристік форумда белгілі болды.

«Түркістан – түркі әлемінің туристік астанасы» халықаралық туристік форумы атауымен бауырлас елдердің басын қосқан келелі жиынға Түркі мемлекеттері ұйымының (ТМҰ) Бас хатшысы орынбасары, Түркістан облысы мен Қоқан қаласының әкімі, Туризм және спорт министрлігі, түркі елдерінің туризмге қатысты министрліктері мен орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың басшылары, Халықаралық туризм және қонақжайлылық университеті, туризм саласының және қоғамдық қауымдастық өкілдері қатысты. Атап айтқанда, Қазақстан, Түркия, Әзербайжан, Мажарстан, Қырғыз Республикасы және Өзбекстан мемлекеттерінен келген бауырлар бас қосып, келелі мәселелерді ортаға салды.

Алқалы жиында сөз алған облыс әкімі Дархан Сатыбалды түркі халықтарының мәдени және рухани мекені, тарихтан келешекке бағыт алған Түркістан қаласына келген қонақтарға жылы лебізін білдірді. Сонымен қатар бүгінгі шараның маңыздылығын атап өтіп, түркі жұрты кие санаған қасиетті мекенде атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталып өтті.

«Әлемдік туризмнің даму тенденциясы жылдан жылға оң бағыттарға өзгеріп келеді. Бүгінгі іс-шара түркітілдес елдер арасындағы туризм бағытындағы қарым-қатынастарды дамытуға маңызды үлес қосады. Түркітілдес халықтардың мәдениеті мен өркениетін нығайтуға айрықша серпін береді. 2021 жылы 31 наурызда түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесінің VIII бейресми саммитінде тараптар Түркістанды – түркі әлемінің рухани астанасы деп атау туралы декларацияға қол қойды. Бұл құжат Түркістанның рухани-мәдени бағытта дамуына оң серпін беріп келеді. Түркітілдес елдердің туризм бағытындағы жоғары деңгейдегі кездесулері мен келісімдері Түркістанға тың серпін береді. Жаңа Түркістан түркі әлемінің мәдени-рухани орталығына айналады деп сенемін, – деді өңір басшысы.

Бүгінде жаңа облыс орталығына айналған шаһарда халықтың игілігі үшін денсаулық, білім, мәдениет, спорт нысандары салынып жатқанын жеткізген облыс әкімі Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Түркістанға ерекше мәртебе беру туралы тапсырмасы бойынша тиісті заң жобасы әзірленіп, қоғам талқысынан өтіп жатқанын атап өтті.

Облыс әкімінің айтуынша, облыс аумағында 1 770 тарихи-мәдени ескерткіштер орналасқан. Оның ішінде бірегейі ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мәдени мұра нысаны – Қожа Ахмет Ясауи кесенесі екені белгілі.

Сонымен қатар облыс аумағында ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік Биосфералық объектілер тізіміне енгізілген «Ақсу-Жабағылы» және «Қаратау» қорықтары бар. Өңірді өркендету үшін Түркістан облысының әлеуметтік-экономикалық дамыту жоспары қабылданды.

Жоспар аясында бүгінге дейін Түркістан қаласында 29 әлеуметтік-мәдени

нысан бой көтерді. Өткізу қабілеті жылына 3 млн адамды құрайтын халықаралық Hazret Sultan әуежайы іске қосылды. Аталған іс-шаралар мен қажетті инфрақұрылымдық жұмыстар отандық және шетелдік туристік ағынды ұлғайтуды қамтамасыз етеді.

Бұдан бөлек, Түркістанды Өзбекстан мемлекетімен жалғайтын Түркістан-Нурафшон бағытында тұрақты автобус рейсі қосылмақ. Бұл жұмыстарды іске асыру бойынша елдердің жауапты министрліктері арқылы келіссөздер жүргізілді.

Осы орайда, облыста 5 жылдың ішінде 72 жаңа қонақүй іске қосылды (қазір облыста 220 қонақүй). Туризм бағытында 356 млрд теңге инвестиция тартылған. Оның ішінде Түркістан қаласының үлесі 275 млрд теңгені құрап отыр. Ал шаһарға келушілердің саны миллионға жетіп, туристік қызмет сапасы жақсарып келеді.

Өткен жылдары Түркістанда түрік Парламенттерінің отырысы, Voice of Turan халықаралық ән фестивалі, түркітілдес елдердің анимациялық көрмесі, «Тұран барысы» спорттық іс-шарасы, Түркі әлемінің этноподиумысынды маңызды іс-шараларды ұйымдастырылды.

Жалпы, өңірде түркі мемлекеттері арасында ортақ туристік әлеуетті көтеру мақсатында арнайы құрылған платформа қалыптасқан. Оның бірі – түркі мемлекеттері ұйымының туризм саласы бойынша жыл сайынғы басқосуы.

Мұнда сала басшылары бірқатар ортақ жобаларды іске асыру қажеттігін талдайды. Бұл ретте Қазақстанның түркі елдері арасында этнотуризмді интеграциялық негізі ретінде дамытуға әлеуеті зор. Мұндай интеграциялық жобаларға Түркістан қаласындағы тарихи ескерткіштер мен заманауи «Керуен сарай» туристік кешенін айтуға болады.

«Түркі әлеміндегі этнотуристік ынтымақтастықты одан әрі дамыту, жалпы мәдени құндылықтарды өскелең ұрпаққа насихаттау үшін «Қолөнершілер орталығы» жобасын бірлесіп дамытуға шақырамын», – деді Дархан Амангелдіұлы.

Халықаралық туристік форумда Туризм және спорт вице-министрі Е.Еркинбаев құттықтауын жеткізіп, бірқатар бастамалар мен кешенді шараларды ұсынды. Мұнда алты бағыт қарастырылған.

Атап айтқанда, біріншіден – ТМҰ мүше мемлекеттер мен бақылаушы мемлекеттердің ірі қалалары арасындағы әуерейстер санының артуы. Екіншіден – бірлескен туристік өнімдерді құру, серіктестік қатынастарды жолға қою бойынша жұмыстарды жандандыру және «Жібек жолы» заманауи турмаршрутын дамыту. Үшіншіден – Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы «Таббарук Зиерат» пилоттық жобасын одан әрі жалғастыру. Төртіншіден салауатты өмір салтын насихаттау, мәдени алмасу және туристік ағымды ынталандыру мақсатында ТМҰ елдері арасында жүгіру бойынша марафондар альянсын құру ұсынылды. Бесіншіден – туризм және қонақжайлылық бойынша оқытуға мамандандырылған ТМҰ университеттер лигасын құру. Бұл туризм саласындағы табысты мансап үшін маңызды саналатын студенттердің кәсіби деңгейін арттыруға ықпал етеді. Алтыншыдан, елдердің туристік әлеуетін ілгерілету және маркетинг бойынша тәжірибе алмасуды күшейту.

– ТМҰ кеңістігіндегі маңызды бастамалардың бірі «Түркі әлемінің туристік астанасын» ерекше атап өтуге болады. Бұл бастама Ұлы Жібек жолы бойындағы қалалардың туристік әлеуетін ашуға мүмкіндік беріп, бір-бірінің мәдени және дәстүрлі құндылықтарын білу арқылы барлық түркі елдері халықтарының тығыз байланысуына ықпал етеді, – деді вице-министр.

Форумның басты мақсаты – түркі әлемінің туристік астаналары арасында өзара тиімді ынтымақтастық орнату және 2024 жылы түркі әлемінің келесі астанасы ретінде Түркістан қаласымен таныстыру.

Айта кетейік, күні кеше ТМҰ елдеріндегі туризм мәселелеріне жауапты министрлердің VIII отырысы аясында Түркістанды 2024 жылға арналған Түркі әлемінің астанасы деп жариялау бастамасы мақұлданды. Осы шешім туралы ресми хабарландыру ел басшыларының жақын арадағы саммитінде жоспарлануда.

Тельман БЕЙСЕН,
Түркістан облысы

ЕЛ ҮШІН ЕТКЕН ЕҢБЕК ЕЛЕУСІЗ ҚАЛМАЙДЫ

Талдықорған қаласында Түрксіб – теміржолын салуға қатысқан, Ұлы Отан соғысының ардагері, екі мәрте Социалистік Еңбек Ері Нұрмолда Алдабергеновке ескерткіш бюст қойылды.

Болат АБАҒАН

Тірлігінде еселі еңбегінің жемісін тере жүріп, көреалмаушылықтың көлденеңдеген кедергісін бастан өткеріп, көпе-көрнеу қысастыққа да қайыспаған, адамдарды ортақ іске топтастырудың үлгісін көрсетіп, ұйымдастырушылық қабілетімен дараланған тұғырлы тұлғаның бюсті облыс орталығында кейінгі жылдары тұрғызылған 6-шы шағын ауданында орналасып, маңайы гүлзарлы бақ ретінде абаттандырылды. Мемлекет басшысының тапсырмасына сай, еңбек адамдарын насихаттауда алдымыздағы Республика күніне орайластырылып, жүзеге асырылған бұл шараның тәрбиелік мәні зор.

Кезінде замандастары Ыбырай Жақаев, Жазылбек Қуанышбаев сияқты «Дала академигі» атанған, өзінің ұйымдастырушылық қабілетінің арқасында Жетісу өңіріндегі әлі іргесі сөгілмей, жұртты ұйыстырып отырған бірнеше ірі елді мекеннің негізін қалаған, өзінің жолын жалғастырып, ерен еңбектің үлгісін көрсеткен бір шоғыр тарландарды тәрбиелеген тұлғаға арналған ескерткіштің ашылуына жұртшылық көптеп жиналды. Бюсттің шымылдығы ашылған соң, маңайы гүл шоқтарымен көмкерілді. Жиналған жұртшылықты осынау ел көңілінен шыққан қуанышпен құттықтауға арнайы келген облыс әкімі Бейбіт Исабаев бүгінгі қоғамда еңбек құндылығын арттырудың маңызы жайлы толғана сөйлеп, өткеннің өнегелі істерінен үлгі алу қажеттігін еске салды.

– Өздеріңіз білетіндей, қазақта еңбегімен көпке үлгі болып, халықты ел игілігі жолындағы жұмыстар төңірегіне топтастыруда ұйымдастырушылық дарынымен дараланған тұлғалар баршылық. Сондай дара әрі дана басшылардың қатарындағы Нұрмолда Алдабергенов Жетісу өңіріне ғана емес, тұтас Қазақстанға танымал болған. Есімі еңбектерімен елдің алды атанған замандастары Ыбырай Жақаев, Жазылбек Қуанышбаевтармен қатар аталатын еңбек ерін білмейтін жан кемде кем. Нұрмолда атамыз – дүниенің кілті, барша игіліктің бастауы адал еңбекте екенін өзінің өнегелі өмірімен дәлелдеген нар тұлғалардың бірі. Өз кезеңінде колхоз ұйымдастырып, ауылдастарын еңбекке жұмылдырып, нәтижелі жұмыс істеудің тамаша үлгісін көрсетті. Жетісу жерінде Нұрмолда Алдабергенов ескерткішінің бой көтеруі тарихқа тағзым, еңбек адамына жасалған құрмет, туған жерге адал қызмет етудің үлгісін насихаттау деп білеміз. Еңбек – қоғамды бойкүйездік, енжарлық, еріншектік, бос мақтан секілді жағымсыз әдеттерден арылтатын, жастар тәрбиесінің қайнар көзі болған құндылық.

Сондықтан бүгінгідей шаралардың мән-маңызы зор, – деді Бейбіт Өксікбайұлы.

Облыс басшысының сөзінен кейін Социалистік Еңбек Ерінің қызы Раушан Алдабергенова өз тілегін білдірді:

– Бүгін облыс орталығында әкеме арнап ескерткіш орнатылып жатқанына шын жүректен қуаныштымын. Нұрмолда Алдабергенов – маған ғана емес, осы аймақтағы барша халықтың әкесі бола білген жан десем артық айтқандық бола қоймас. Ең алғаш 1960 жылы көзінің тірісінде Шұбар ауылында ескерткіш қойылды. Мұнан соң 1973 жылы орнатылды, енді 50 жылдан соң Талдықорғанда қойылып отыр. Бүгін әкемнің еңбегін ұмытпай, рухын жаңғыртып, қола мүсінін орнатқан бастамашыл қауымға рахмет айтамын. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын, Алдабергеновтей елдің, жердің атын шығаратын ер азамат, жас ұрпақ өсе берсін, – деді Раушан Нұрмолдақызы.

Жиналған жұртшылық ескерткіштің қос қапталына қойылған көрмені тамашалап, аса құнды жәдігерлермен жан-жақты танысты. Көрмеде Нұрмолда Алдабергеновтің тұтынған жеке заттары, Еңбек Ері туралы жазылған кітаптар, қайраткердің өмірі мен еңбегі жайлы ақпараттық баннерлер көпшілік назарына ұсынылды. «Жетісу сазы» ансамблі қазақтың күйлерін төгілтіп, әншілер рухты әндерімен салтанатты шараның шырайын кіргізді.

Талдықорған төрінде тұрған ескерткіш бюсттің авторлары – сәулетші Қаби Баулықов пен мүсінші Нұрғалым Исабаев. Ескерткіштің биіктігі – 1,4 метр, тұғырының биіктігі – 2,9 метр. Бюст қоладан құйылып, тұғыры граниттен қойылған. Ескерткіштің маңайын абаттандыруға жергілікті бюджеттен 115 млн теңге бөлініп, шағын саябақ жасалды. Мұнда 80-дей жапырақты және қылқан жапырақты ағаш отырғызылып, 16 орындық қойылған. Газон төселіп, 42 жарық шамы орнатылған. Автосуару жүйесі жұмыс істейді.

Екі мәрте Социалистік Еңбек Ері Нұрмолда Алдабергенов Кербұлақ ауданында туған. Қазақстанда колхоз ұйымдастыру ісіне белсене қатысқан, колхоз басқарған. Ұлы Отан соғысына қатысқан, қоғам қайраткері. Даңқты еңбек адамы туралы Сәбит Мұқанов «Алдабергенов туралы аңыз» атты поэма, жазушылар Сәуірбек Бақбергенов, Ұзақбай Доспанбетов, Құттыбек Баяндин деректі кітаптар жазған. Қазір Ескелді ауданындағы Шұбар елді мекені Алдабергеновтің есімімен аталады. Ауылда сол жерден шыққан 20 Социалистік Еңбек Ерінің қола ескерткіштері қойылған шағын саябақ бар, олардың ортасында да Нұрмолда Алдабергеновтің мүсіні тұр.

Жетісу облысы

КӨК ТҮТІН мен ҚОҚЫСТАН АРЫЛМАҒАН

Қарағанды облысы қысы-жазы көк түтінмен, жыл он екі ай заңсыз тасталған қоқыспен күресіп келе жатыр. «АрселорМиттал» кәсіпорны 2024 жылға қарай эмиссияларды 30%-ға, яғни 65 мың тоннаға төмендету жөніндегі жасалған меморандум шеңберінде өзіне алған міндеттемелерін орындамай отыр. Ал Балқаш мыс балқыту зауыты жабдықтарының технологиялық тозуынан қаладағы ауа ластануда. Сонымен қатар биылғы алғашқы алты айда ғарыштық мониторинг қорытындысы бойынша облыс аумағында 739 заңсыз қоқыс орны анықталған.

– Қарағанды облысы – қоршаған ортаға кері әсер ететін «Қазақмыс» корпорациясы, «АрселорМиттал Теміртау» өндірістік нысандары және басқа да ірі кәсіпорындар шоғырланған, өнеркәсіптік өңір. 2023 жылдың алғашқы жылында облыс бойынша шығарындылар көлемі 243,1 мың тоннаны құрады. Оның ішінде Қарағанды қаласы – 17,2 мың тонна, Теміртау қаласы – 112,8 мың тонна және Балқаш қаласы бойынша – 36,1 мың тонна, – деді Қарағанды облысы бойынша Экология департаментінің басшысы Дархан Исжанов.

Теміртаудың атмосфералық ауасын негізгі ластаушы – «АрселорМиттал Теміртау» АҚ.

– Бұл ретте, «АрселорМиттал» кәсіпорны 2024 жылға қарай эмиссияларды 30%-ға, яғни 65 мың тоннаға төмендету жөніндегі жасалған меморандум шеңберінде өзіне алған міндеттемелерін орындамай отыр. 2019-2023 жылдарға 23 шара белгіленсе, оның жетеуі ғана жүзеге асқан, – дейді департамент басшысы.

Кәсіпорында экологиялық проблемадан басқа, өрескел заңбұзушылық тіркелген. Мысалы, Теміртау қаласының аумағында 800 тонна көлемінде кокс-химия өндірісінде қауіпті қалдықтарды заңсыз сақтау фактісі анықталған. Теміртау қаласының Полиция басқармасы қылмыстық істі жүргізіп жатқанына 1 жылдан астам уақыт өтсе де компания жауапкершіліктен толық бас тартып отыр.

Теміртаудан кейін, негізгі техногендік жүктеме Қарағанды қаласына тиесілі. Қаланың негізгі экологиялық проблемасы – пешпен жылытатын үйлердің шығарындыларымен, атмосфералық ауаның ластануы. Мұнда 26 мыңдай үй бар.

Осы мәселені шешу мақсатында әкімдік жеке секторды газдандыру бойынша жұмыс жүргізуде. Бүгінде 1 348 үй газбен жабдықтауға қосылған. Газ тарату желілері 3 961 жеке тұрғын үйге жеткізілді. Дегенмен жұмыс сылбыр жүруде. Биыл да Қарағанды қыста көк түтінге қарық болатынына сенім мол...

– Келесі мәселе – Kazakhmys Smelting ЖШС Балқаш мыс балқыту зауыты жабдықтарының технологиялық тозуынан туындаған Балқаш қаласының атмосфералық ауасының ластануы. Мыс кенін балқыту кезінде шаң тазалау жабдықтары мен сору аспирациялық жүйелерінің тозуы салдарынан қоршаған ортаға газ бен түтін тарап, ауаны ластайды. Осыған байланысты мыс балқыту цехтарындағы қолданыстағы түтін газын ұстау және тазарту жүйелерін толығымен жаңғырту және ауыстыру қажет, – дейді департамент басшысы.

Ірі кәсіпорындардың шығарындыларын азайту және ірі қалалардың атмосфералық ауасын жақсарту мақсатында үкімет қаулысымен «Жасыл Қазақстан» ұлттық жобасы бекітілді. Осыған сай «АрселорМиттал Теміртау» АҚ 2025 жылға қарай ауаға зиянды шығарындыларды 149 мың тоннаға, «Қарағанды Энергоцентр» ЖШС – 35 мың тоннаға, Балқаш мыс балқыту зауыты бойынша 31 мың тоннаға дейін төмендету көзделуде.

Коммуналдық қалдықтармен жұмыс істеудің негізгі проблемасы – ауылдық жердегі қатты тұрмыстық қалдықтардың заңдастырылмаған полигондарының артуы. Қарағанды облысының аумағында қалдықтарды тастайтын 168 полигон орналасқан, оның 46-сы заңдастырылған, ал 122-сі заңдастырылмаған және рұқсат құжаттары жоқ.

Алғашқы алты айда ғарыштық мониторинг қорытындысы бойынша облыс аумағында 739 заңсыз қоқыс орны анықталған, оның 416-ы тазартылды.

Сонымен қатар басты мәселелердің бірі – ластанған суды тазарту қондырғыларының қанағаттанарлықсыз жағдайы.

Облыс әкімдігінің 2022-2024 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес, бұл бағытта Ақтоғай ауылында, Қарағайлы кентінде, Ақсу-Аюлы ауылында және Новодолинский кентінде кәріз желілерін және тазарту құрылыстарын салу жоспарланған.

Айта кету керек, Қарағанды облысы бойынша Экология департаменті «Олжас» ЖШС-ға жоспардан тыс тексеру жүргізді, нәтижесінде тазарту жабдығының тиісті деңгейде жұмыс істемеуі анықталды. Сондай-ақ Экология департаменті Қарағанды целлюлоза-қағаз комбинатына да барып қайтты, кәсіпорында заңсыз гидротехникалық құрылыс салынғаны белгілі болды. Сот шешімімен екі кәсіпорынның қызметі тоқтатылды.

– 3 маусымда Экология департаментінің қолдауымен «Таза жағалаулар» экоакциясы өтті, оған облыстың мемлекеттік органдары мен кәсіпорындары қатысты. 90-ға жуық адам қатысқан іс-шараның соңында 45 текше метр қоқыс жиналып, тиісті жерге шығарылды, – деді Дархан Ерғалиұлы.

Қала тұрғындары таза ауамен тыныстағысы келеді. Бірақ оның ауылы әлі алыс сияқты. Алпауыт деген «АрселорМиттал Теміртау» мен «Қазақмыс» міндеттелген жүктемені орындамайды және өздеріне айтылған сынды қабылдамай отыр. Ал газ келгенімен, жеке үйлер әлі көмір жағады. Өйткені көгілдір отын үй табанында тұрғанымен, ішке кіргізілмеген.

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ,
Қарағанды облысы

Қазақстандық кәсіпқой боксшы Жәнібек Әлімханұлы әлем чемпионы атанды. Ол (15-0, 10 КО) АҚШ-тың Техас штаты Розенберг қаласында өткен бокс кешінде германиялық былғары қолғап шебері Винченцо Гуальтериді жеңіп, WBO және IBF санаты бойынша орта салмақта екі белбеу иеленді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев спортшыны жарқын жеңісімен құттықтады.

Жәнібектің жарқын жеңісі

«Жәнібек Әлімханұлын WBO және IBF тұжырымдарынан әлем чемпионы атағы үшін өткен жекпе-жектегі жарқын жеңісімен құттықтаймын. Жәнібек қазақ бокс мектебінің жоғары деңгейі мен мықтылығын әлемге тағы да паш етті. Бұл жеңіс бокспен айналысатын жастарды биік белестерді бағындыруға ынталандырады. Сізге зор денсаулық, бақ-береке тілеймін. Жеңістен жеңіске жете беріңіз!», – деді Президент.

Әлімханұлы-Гуальтери айқасы – Розенбергтегі (Техас штаты) Fort Bend Community Center аренасындағы бокс кешінің жарқын оқиғасы болды. 30 жастағы Әлімханұлы кәсіпқой бокста 14 айқас өткізіп, бәрінде жеңіске жеткен. Әуесқой бокста 2013 жылы әлем чемпионы атанса, 2013-2014 жылдары Азия чемпионы болды. 10 рет қарсыласын нокаутқа түсірген. Ол 2022 жылдың 5 мамырында британдық Дэнни Дигнумды нокаутқа жіберіп, әлем чемпионы атанған еді. Қазақстандық боксшы титулын екі рет қорғады: біріншісінде төрешілер шешімімен британдық Дензел Бентлиден басым түссе, екіншісінде канадалық Стивен Батлерді нокаутпен жеңді.

Ал Жәнібектің бұл ойындағы қарсыласы Гуальтеридің де жасы 30-да болды және ол да кәсіпқой бокста жеңіліп көрмеген. Қоржынында 21 жеңіс (7 нокаут) пен бір тең есеп бар. Ол 1 шілдеде Бразилия өкілі, 2012 жылғы Олимпиада финалисі Эскива Фалькаоны сенсациямен жеңіп, титул иегері атанған болатын. Аталмыш жекпе-жек германиялық боксшының АҚШ-тағы дебюті болды. WBO және IBF санаты бойынша орта салмақта екі белбеуді сарапқа салған жекпе-жек алтыншы раундта аяқталды – Жәнібек қарсыласы Винченцо Гуальтериді техникалық нокаутқа жіберіп, кәсіпқой бокста он бесінші жеңісіне қол жеткізді. Осылайша, қазақстандық спортшының жүлделер саны WBO және IBF белбеулерімен толықты.

Германиялық былғары қолғап шебері Винченцо Гуальтери (21-1-1, 7 КО) жекпе-жектен кейін пікірін білдірді.

«Жекпе-жекті ерте тоқтатты деп ойлаймын, дегенмен қарсыласым менен қуатты болды, соққысы ауыр. Жәнібекті бұл айтулы жеңісімен құттықтаймын! Сондай-ақ спорт кешін тамашалауға келген бокс сүйетін жанкүйерлерге алғыс білдіремін», – деді ол.

Жерлесіміз де жарқын жеңісінен соң мәлімдеме жасап, келесі жекпе-жекті ақпан айында өткізгісі келетінін айтты. Төрт титулды біріктіру ниетін білдірген чемпион Top Rank промоутерлік компаниясы ендігі қос белбеудің жекпе-жегін ұйымдастыруға көмектесетініне сенім білдірді.

«Барлық төрт белдікті алғанша жеңіс тойлай алмаймын. Енді маған WBC және WBA атақтары керек! Ақпан айында жұдырықтасуға дайынмын. Өз титулымды қайта қорғағым келмейді. Маған басқа белбеулер керек. Кез келген чемпионды нокаутқа жіберемін!», – деп жазды боксшы Twitter парақшасында.

Бүгінде орта салмақтағы WBC белбеуі американдық Джермелл Чарлода (32-0, 22 КО), ал WBA белбеуі кубалық Эрисланди Ларада (29-3-3, 17 КО).

Асыл ТҰМАР

ТАЛДЫДА ТАЛАЙ ТАРИХ БАР

Ашық аспан астындағы Талды тарихи-археологиялық қорық-музейінде «Талды – әлемдік өркениеттер тоғысында» атты халықаралық археологиялық-этнографиялық фестиваль өтті.

Қарағанды облысы шет ауданының аумағындағы Талды өзенінің бойында жатқан осынау тарихи мекен бұған дейін де ғалымдардың қызығушылығын тудырып келгені шындық. Аумақта кешенді зерттеу жұмыстары 2015 жылы толығымен қолға алынып, Қаражартас қорымы мен атақты «Сарыарқа пирамидасы» жіті зерделене бастаған. Ал 2018 жылы Талды археологиялық кешенін ашық аспан астындағы мұражайға айналдыру туралы арнайы үш жылдық жоспар қабылданады. Аталмыш жоспар толығымен аяқталып, бүгінде ашық аспан астындағы кешенді мұражай жұмыс істеп тұр.

Қарағанды облысының Мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының мұрындық болуымен күні кеше тарихи орында «Талды – әлемдік өркениеттер тоғысында» деп аталған халықаралық археологиялық-этнографиялық фестиваль өтті.

Шара барысында облыстың шығармашылық ұжымдарының қатысуымен театрландырылған қойылым қойылып, концерттік бағдарламалар көпшіліктің назарына ұсынылды. Одан бөлек, ұлтық спорт ойынының ерекше түрі – садақ ату өнерінің кіл шеберлері жиналып нысана көздеді. Ұмыт бола бастаған қазақтың ұлттық тағамдарының түрлері де келушілерге ұсынылып, арнайы көрме де жайылды. Сондай-ақ Талды өзенін жағалап қазақтың тазылары жүгірсе, қыран мен құмай әуеге көтеріліп аң ілді.

Фестивальға қатысушы қонақтар үшін Талды паркінде орналасқан археологиялық ескерткіштің барлығына экскурсиялар ұйымдастырылып, тарихи кешеннің тарихынан хабар берілді.

Фестивальға Парламент депутаттары, мәдениет саласының өкілдері, Қарағанды облысы әкімдігінің жауапты тұлғалары, музейлердің басшылары мен мамандары, Е.Бөкетов атындағы ҚарМҰУ ғалымдары, көрнекті қоғам қайраткерлері, БАҚ өкілдері де келіп қатысты.

«Талды тарихи-археологиялық паркінің және мұндағы тарихи-археологиялық ескерткіштердің бірегейлігін әлемдік және отандық қоғамдастыққа көрсету, бүкіл Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасын танымал етуде сұранысқа ие туристік орын ретінде дамуына ықпал ету – бүгінгі фестивальдың басты мақсатының бірі. Қорымнан темір қанжар, қола айна секілді заттар да табылды. Қазба жұмыстары әлі де жалғасады. Мысалы, сақ қорғандарының бір жағы зерттелді. Екінші жағы әлі зерттелуді қажет етеді. Бұл орында бірнеше түрлі қорған үлгісі бар. Мысалы, сақтардың мұртты қорғанын ерекше айтуға болады. Бір жақ мұрты – 168 метр, келесі жақ мұрты – 158 метр. Ортада басты қорған тұр. Діни наным-сенімге байланысты болуы мүмкін деген тұжырым бар. Сонымен қатар бірнеше қоныс қазылып, кешендер бұрынғы қалпына келтірілді», – дейді Қарағанды облыстық тарихи-өлкетану музейінің басшысы Ержан Нұрмағанбетов.

Талды өзенінің бойындағы осынау тарихи кешен туралы 1940 жылдардың өзінде Әлкей Марғұлан бастаған ғалымдар тобы «Бұл – болашақта зерттелуі тиіс перспективасы мол аудан» деп жазып кеткен екен.

Шамамен 3 500 жылдай бұрын тастан салынған құрылысты ғасырлар өте топырақ басып, үстіне шөп өсіп, қалыпты төмпешікке айналған. Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті Тарих факультетінің студенттерінен құралған қазба зерттеу жұмыстар екі маусым бойы жүргізілген. Археолог Арман Бейсенов бастаған ғылыми топ құрылысты топырақтан аршып, құлағанын қайта қалап, маңын тазалап, кешенді әуелгі қалпына келтірген. Қазір маңайы қоршалып, мәрмәр тастан ескерткіштің төлқұжаты орнатылған.

Талды тарихи-археологиялық кешен құрамына кіретін Сеңкібай қорымында б.д.д. 2 000-жылдың I жартысы, яғни қола дәуірінің 200-ден астам қорымы жатыр. Гранит таспен салынған жерлеу орындарынан адам қаңқалары, қоладан жасалған қару-жарақ, шаруашылық заттары, қыш ыдыстар табылған. Бұл қорымдарды жасаған ерте дәуір тұрғындары жалпақ гранит тастарды өте тиімді пайдаланған. Бір қызығы, сол кездің өзінде адамдар мұндай аса сапалы құрылысқа қажетті тасты алатын жерді білген және ол тастарды төртбұрышты етіп тегістеп өңдей алған. Сондай-ақ салмағы тым ауыр тастарды тасымалдаудың технологиясын да еркін меңгергенін байқауға болады.

Бердібек ҚАБАЙ

ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР УАҚЫТЫ

Мәдениет және ақпарат министрлігінің қолдауымен, Ұлттық академиялық кітапхананың ұйымдастыруымен 24 қазан – Кітапханашылар күні мерекесіне орай 18, 19 қазан күндері республикалық «ЖАС КІТАПХАНАШЫ 2023: ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР УАҚЫТЫ» атты жастар лабораториясы өтеді.

Altyn Qyran Foundation қоғамдық қорының демеушілігімен өтетін жастар форумына Назарбаев университеті, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, М.Нәрікбаев атындағы ҚазГЮУ университетінің ғылыми кітапханалары қолдау көрсетеді.

Іскерлік кездесудің мақсаты – салаға келген жас кітапханашылардың мамандыққа деген сүйіспеншілігі мен кәсіби біліктілігін шыңдау, жас мамандардың өнімді әрі сапалы жұмыс істеуіне көмектесу, өзара тәжірибе алмасуына ықпал ету, іскерлік қабілеттерін дамыту.

Жастар лабораториясы аясында кітапханашылар Назарбаев университеті, М. Нәрікбаев атындағы ҚазЗУ, Л. Гумилев атындағы ЕҰУ ғылыми кітапханаларына, Ұлттық академиялық кітапханаға арнайы экскурсия жасап, кітапхана саласы бойынша мәдени, білім ошақтарында ұйымдастырылған панельдік, форсайт сессияларға, практикалық семинарларға, тәжірибелі мамандардың шеберлік, іскерлік сағаттарына қатысып, тәжірибе алмасады. Жаңалыққа жаны құштар жастар арасында заманауи кітапхананың келбеті, кедергісіз кітапхана, кітапханадағы әлемдік ақпараттық ресурстар сынды түрлі тақырыпта тренингтер мен дискуссиялық панель, QUIZ интеллектуалдар сайысы өтеді, жастар креативті ойларын ортаға салады.

Алдын ала әлеуметтік желіде өткен «Жас кітапханашы – 2023: жыл таңдауы» байқауының үздіктері анықталып, жеңімпаздар арнайы сертификаттармен, бағалы сыйлықтармен марапатталады.

NUR MEDIA медиахолдингі
AIQYN
Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС
Директор – Ысқақ ЕГЕМБЕРДИЕВ

Бас редактор – Амангелді ҚҰРМЕТ
Гүлзина БЕКТАС – Бас редактордың бірінші орынбасары
Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ – Шығарушы редактор
Елдар ҚАБА – Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ – Ақмола облысы
Нұрболат АДЫРБЕК – Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН – Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ – Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК – Шымкент қаласы
Роза ШӘКЕН – Солтүстік Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ – Қызылорда облысы
Баян ЖАНҰЗАҚ – Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:
Кәсіпорындар, мекемелер үшін – 35102
Зейнеткерлер, соғыс ардагерлері үшін – 45102
Жеке жазылушылар үшін – 25102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aiqyn@gmail.com
ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның» компьютер орталығында беттелді
ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4364
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС Сілеті көшесі 30, тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ»АҚ Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС, Әлімқұлов көшесі 22, тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде тіркеуге алынып, мерзімді баспасөз басылымын қайта есепке қою туралы №17416-Г куәлігі 25.12.2018 жылы берілді
(Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №4448-Г – 01.12.2003ж.)

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:
010000. Астана қаласы, Қонаев көшесі, 12/1
Байланыс телефоны: Астана қ. (7172) 72-95-46
e-mail: aikyngazeti@gmail.com, aikyn_nurmedia@mail.ru

• Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.
• Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды.
• Көлемі үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
• «Айқында» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Кезекші редактор – Айдана НҰРМҰХАН